

Бекітемін

«Гүлдер» балабақшасының
директоры: М.Е.Овезова



2023 - 2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН

ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНЫҢ

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Топ: «Лалагүл» ортаңғы

Балалардың жасы: 3 жастан

Тәрбиешісі: Коджикова Айман

Жоспардың құрылу кезеңі: **01.09.2023ж.**

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "Балалардың ең сүйікті ойыншығы мен заты туралы", "Баланың қандай тағамға аллергиясы бар?"				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Аквариумдағы балықтарды қоректендіру. Мақсат-міндеттері. Балыққа қамқорлық жасауға дағдыландыру (жемді үгітіп шашырату), аквариумдағы балықтың тіршілігіне қызығушылық таныту.	"Топтың ішін ретке келтір". Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектерге көмектесуге машықтандыру; шкафтарғы ойыншықтар мен құралдардың ретсіздігін байқап, тазалықты орнатуға тарту; еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру.	30 - тамыз. Конституция күні	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Ұйымдастырылған іс-әрекеті кезінде оқу құралдарын тарату және орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды тамақ ішкенде табақшаларды, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинастыру іскерліктерін ынталандыру.
	"Үйшікте кім тұрады?" ("Үйшік" ертегісінің желісімен) үстел ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың сөздік қорын байыту, есте сақтау қабілетін дамыту. Жануар түрлерінің атауын қазақ тілінде айтқызу. Барысы. Педагог үйшік терезесінен ертегі кейіпкерлерінің суреттерін көрсетеді, балалар оларды	Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; денсаулықты сақтау қағидаларына баулу. "Күнім, күнім..." Күнім, күнім, қайдасың? Түннен бері шығасың. Сенімен бірге оянамын, Жылы нұрыңа шомыламын.		"Сиқырлы суреттер" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау үрдістерін дамыту. Мазмұны: балалар алдарындағы үлгі бойынша бөлшектерге бөлінген суретті құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну. (математика негіздері,	"Сиқырлы қапшық" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруды, топтастыруды үйрету. Мазмұны: балалар "Сиқырлы қапшықтың" ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атап, түсін айтады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)

	атайды. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Оянамын, жаттығамын, Балабақшаға барамын. Нұрыңа толған алаңға Достарымды шақырамын. Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту)		сөйлеуді дамыту)	Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу. "Менің отбасым". Мақсат-міндеттері. Балалардың отбасы туралы ұғымдарын кеңейту; отбасы туралы түсінік бере отырып, отбасы мүшелерінің аталуын жатқа айтуды үйрету; өз отбасы туралы шағын әңгімелеп беруге жаттықтыру; балабақша мен отбасының байланысы туралы түсінік беру. Отбасы мүшелерінің атаулары арқылы балалардың ойлауы мен зейінін, есте сақтауы мен қабылдауын, тілі мен дүниетанымын дамыту. "Отбасы мүшелерін қазақша ата" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың қазақ тілін білуін дамыту үшін, отбасындағы туыстық атауларды қазақ тілінде атау. (қазақ тілі)
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға сыятын текшелермен) 1. Бастапқы қалып: аяқ алшак, дене тік, қол төменде 1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып, текшелерді көрсетіп: "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшак, дене тік, қолдағы текшелер көкірек тұсында 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп: "Міне! " "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: аяқ алшак, дене бос, қол төменде 3.1. Жерге отырып, қолдарын алдына созып: "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қолдағы текшелер көкірек тұсында. 4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму. 4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене шынықтыру, дербес әрекет)				
Таңғы ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарықатынас негіздерін дамыту. Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш.				

	<p>Келген асты алдыңа Тауысып іш, қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>"Кемпіркосақ" ойыны. Мақсат-міндеттері. Ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту. Балалар ортаға шығып, түстердің атауларын атайды. Бір бала қарамай тұрып, қайсы қандай түс екенін қазақ тілінде айтып береді. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p>	<p>"Тым-тырақай" ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың шапшаңдық, зеректік, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту. Балалар шеңбер құрайды. Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында санамақ сөздерінен кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады. Ал, кәнеки, балалар, "Бір, екі, үш!" - деп, санаңдар! "Бір, екі, үш! Ал, тараңдар!" Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "Бір, екі, үш!" деп санағанша, балалар жылдам түрде шеңбер құрып тұра қалады. Ойын қайта басталады. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</p>		<p>"Тапсырманы орында" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Үлкен және саны аз заттарды ажыратуды үйрету. Мазмұны: бір баланы ортаға шақырып, оның оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты алу керектігі айтылған тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй және іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Достарымның барлығын, Сыйлап, жақсы көремін. Алақаным арқылы Жылуымды беремін. (көркем сөз, сөйлеуді дамыту)</p>
<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Жазғы ойын-сауықтар</p>	<p>Жазғы ойын-сауықтар</p>		<p>Жазғы ойын-сауықтар</p>	<p>Қазақ тілі "Балабақшаға саяхат". Кел, танысайық!" Мақсат-міндеттері. Қазақ тілін тыңдап, түсінуге, қабылдай алуға үйрету, ересек адамның үлгісі бойынша амандасуды және қоштасуды, өзін таныстыруды білдіретін сөздерді түсінеді және қолдана алады, сөздердегі дауысты дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.</p>

2- таңғы ас	<p>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)</p> <p>Мақсат-міндеттері: өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту.</p> <p>Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, бапшен іш. Келген асты алдына Тауысып іш, қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.</p>				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (дербес әрекет)				
Серуен	<p>Көлеңкені бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Көлеңке құбылысына қызығушылықты ояту; көлеңкенің жарық, күнмен тікелей байланысын көрсету; байқағыштыққа тәрбиелеу; жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p>Педагог көлеңкенің тек күн (жарық) түскенде пайда болатынын көрсетіп түсіндіреді.</p> <p>Абай Құнанбайұлы «Көлеңке басын ұзартып» Көлеңке басын ұзартып, Алысты көзден жасырса; Күнді уақыт қызартып, Көк жиектен асырса...</p> <p>Іс-тәжірибеде балаларға ұнаған қимылдарды жасатып, көлеңкенің сол қимылдарды тура қайталайтынын, көлеңкенің кара, сұр түсті ғана болатынын байқату.</p> <p>Еңбек әрекеті: қурап түскен жапырақтарды жинау. (қоршаған ортамен танысу, еңбекке баулу дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p>	<p>Аула құстарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Көркем сөз. Торғай, торғай тоқылдақ, Жерден тары шоқып-ап Бөтегесі томпиып Шиқ-шиқ етіп отырар. Торғай-торғай тоқтаған, Торғайды торғай мақтаған. Бір торғай ұшса боранда, Бәрі жабылып жоқтаған.</p> <p>- Балалар, біз бақылаған құс қалай аталады? - Бұл құс немен қоректенеді? Қайда мекендейді? Бұл құстың адамға пайдасы бар ма? "Құстар және түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір жерге жиналуға дағдыландыру; ойын барысында кейіпкерлердің рөлін аяғына дейін сомдауға, бір-біріне соғылмай қимылдауға, ережені бұзбауға жаттықтыру; достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>"Түлкіні" санамақ арқылы таңдап алуға болады.</p> <p>Ойын барысында балалардың</p>		<p>Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Серуендеуге, күнге деген қызығушылықты ынталандыру. Күннің кешке төмендеу түсетінін көрсету, күннің салқындау болғанын сезінуге шақыру. "Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; (вестибуляр) тепе-теңдік аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Шарты: балалар "күн" дегенде барлығы қыдыруға шығады. Ал "жаңбыр" дегенде қолшатырдың айналасына жиналады.</p> <p>"Кеглиді қағып ал" жаттығуы. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Допты тура бағытта домалатып,</p>	<p>Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға аспанның әсемдігіне назар аударуды үйрету; қадағалау барысында бұлтты ажырата білу, аспанның бұлтты немесе бұлтсыз болуын бақылау; бұлттың қозғалысын бақылауды дамыту; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу.</p> <p>Ашық аспанда бұлтты байқау оңай, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін, мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын немесе ыдырап кететінін атап өтуге болады.</p> <p>Жұмбақ. (көркем әдебиет) Көзі жасты – жылауық, келе жатыр бір алып. Жабырқаса, жылайды, жадыраса құлайды. (Бұлт.) Тақпақ. - Ақсың, сұрсың, қарасың, Қайда қалқып барасың? - Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін! - Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсең, нөсерлет. "Не жөнінде айтылады?" ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Сын-сипаты бойынша табиғат құбылысын табуға машықтандару</p>

	<p>Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына машықтандыру. "Үрпек төбет" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға баулу; бір бағытта, бірін-бірін қақпай, жылдам жүгіруге жаттықтыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалардың біреуі төбетті бейнелейді; ол кілем үстінде жатады, басын алға созылған қолымен аяғына қояды. Қалған балалар жай ғана оған жақындай түседі, ал тәрбиеші осы кезде былай дейді: Алдыңғы екі аяққа басын сұғып, Әнеки, жалбыр төбет жатыр сұлық. Белгісіз жатқаны ұйықтап, яки қалғып, Момақан, сырты пішіні жуас салғырт. Ояталық жақындап барайық та, Қайтер екен содан соң – қарайық та. Төбет орнынан ұшып тұрып үре бастайды. Балалар қаша жөнеледі. Төбет оларды қуа жөнеледі. Балалардың бәрі жан-жаққа қашып тығылады. Төбет қайтадан кілемге жатады. Ойын жаңа бастаушымен қайта басталады.</p>	<p>алаңда секіру, жүгіру мүмкіндіктері қадағаланады. "Кеглиді қағып ал" жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кеглиді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. Еңбек әрекеті: колөнер сабақтарына табиғи материалдарды жинау. Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына машықтандыру. Балалардың еркін ойындары.</p>		<p>алшақта тұрған кеглиді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. Еңбек тапсырмасы: ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары.</p>	<p>(жарқырайды, аспан, бұлыңғыр бұлттар ұшады, найзағай ойнайды). "Доппен лапта ойнау" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Екі топқа бөлінуді үйрету, ойыншыларға допты лақтыру, ойын тәртібін (сызықты баспай) сақтай отырып; қозғалыс тепе-теңдігін дамыту. Еңбек әрекеті: қурап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен). Мақсат-міндеттері. Балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу. Құралдары: қолғаптар, қаптар. Педагог балалардың шөптерге аллергиясы болуын ескеруі тиіс. Балалардың еркін ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету.</p>
--	---	--	--	--	--

	<p>"Теректей биік болып өсейік" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта аяқ ұшына тұрып, тепе-теңдікті сақтап жүруге дағдыландыру; жүруде қолдарды жоғары көтеріп, аяқты өкшеге баспай жүре білу қабілетін дамыту.</p> <p>Балалардың еркін ойнайтын ойындары.</p>				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, сөйлеуді дамыту)				
Түскі ас	<p>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш, қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.</p>				
Түскі ұйқы	<p>Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. (көркем сөз) Д. Ахметова "Ұйықташы, қозым". Ұйықташы, қозым, Жұмылсын көзің. Ұйқың тәтті болсын, Денең қуатқа толсын.</p>				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	<p>Ауа ванналары. (дербес әрекет, дене шынықтыру) Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға қызықтыру. "Қолдарымыз қайда? Шығарайық алға. Жеңімізді түрейік, Жуынып көрейік. Су астына салайық, Уқалайық, сипалайық. Қандай тамаша! Қолдарымыз тап-таза.</p>				
Бесін ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей.				

	<p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш, қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.</p>			
<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>"Сөз ойла, тез ойла" ойыны. (сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Дыбыстарды дұрыс, анық айтуды жаттықтыру, тілдерін дамыту. Құралдар: әртүрлі дыбыстар жазылған ұнтаспа (сол дыбысты шығаратын жануарлар немесе азаттардың суреттері). Ойын барысы. Тәрбиеші бір дыбысты тыңдатады. Балалар сол дыбысты және оның не екенін ажырату қажет. "Автобус" сюжетті-рөлдік ойыны. (қоршаған ортамен танысу) Мақсат-міндеттері. Балалардың автобуста жүру ережелеріне баулу; жолаушы мен жолаушылар туралы түсініктерін тиянақтау; сыпайлыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Автобус салонын білдіретін үлгі, орындықтардың белгілі қатармен тізіліп тұруы; руль, билеттер жинақтамасы. "Жүргізушіні" рөліне өзі қалаған бала шығады, қалғаны жолаушылар</p>	<p>"Қуыршақты серуенге шығарайық" ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың киімдерін киіну тәртібі туралы білімдерін бекіту және нақтылау. Сөздік қорларын байыту. (сөйлеуді дамыту) "Мозаика", "Басқатырғыш" үстел ойындары. Мақсат-міндеттері. Логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. "Ойыншықтарды жөндейміз" рөлдік ойыны. (қоршаған ортамен танысу) Мақсат-міндеттері. Балалардың ойыншықтар жайындағы түсініктерін тиянақтау; шығармашылықпен ойлану, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру. Құралдар: құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері салынатын пластик қуыршақтар, лево ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар). Педагог балаларға шеберлердің рөлін атқаруды ұсынады. Шебер болғысы келмейтін балалар сынық ойыншықтарын "шеберлерге" әкеледі, "шеберлер" сынық ойыншықты зерттейді, сынығын жөндейді.</p>	<p>"Ненің төлі?" дидактикалық ойыны. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Үстел үсті ойындары, саусақ жаттығулары арқылы дидактикалық ойындар ойнату. Төлдерді қазақ тілінде атау.</p>	<p>Математика негіздерінен ойын-жаттығу. "Ойыншықтарды жинайық" Мақсат-міндеттері. Балалардың біртекті заттарды өзара топтастыру және біреуін бөліп көрсету, бөлмедегі заттарды бір-бірінен ажырату және санын анықтау дағдыларын қалыптастыру; зейінді, ақыл-ойды, есте сақтау, кеністікте бағдарлау қабілеттерін дамыту. Үстел басындағы дамыту жаттығуы. "Текшелерді түстеріне қарай жина". Мақсат-міндеттері. Текшелерді түстеріне қарай жинау. Құрастырудан ойын-жаттығу. "Балабақша - біздің үйіміз". Мақсат-міндеттері. Балаларды құрылыс материалдары кірпіш және призма қасиеттерімен таныстыру жүйесін жалғастыру, жазықтықта орналасу принциптерін пысықтау; текшелерді бір баған тәрізді, бірінің үстіне бірін қойып, қолмен түзеп отыруға, тағы бір текшелерді биік бағанға жан-жақтан тіреп қоюға, текшелер үстіне призмаларды, шатыр тәрізді, құламайтындай, қоюға үйрету; достық туралы ұғым беру. "Балабақшаны қалайық" іс-тәжірибе жаттығуы.</p>

	<p>болып, қолдарына "билет" алады.</p> <p>Педагог автобуста жүру ережелерімен алдын ала таныстырады, сыпайылық үлгілерін суреттерден көрсетеді.</p> <p>Педагог балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар "салонға" өтеді, билеттерін көрсетеді немесе ойыншық смартфон арқылы төлемдерді жасауды көрсетеді.</p> <p>Жүргізуші автобусты жүргізеді. Педагог аялдамаларды жариялап жатады. Жолаушылар кіріп-шығып жатады. Үлкендерге орын беру туралы үлгілерді көрсетуге болады.</p>				<p>Мақсат-міндеттері. Текшелер мен призмалардан құрылған құрылыс материалдарының жинағынан балабақша құрау.</p> <p>Вариативті компонент/Шығармашылық "Доппен жаттығу".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды ермексаздың қасиеттерімен таныстыру; ұйымдастырылған іс-әрекетте шығармашылыққа баули отырып, ермексаздан доп жасаудың тәсілдерін үйрету; шығармашылық жұмысты топпен орындауға дағдыландыру; ермексаздан допты жасауда икемділікке баулу; доптың қасиеттері жөнінде ұғымдарын қалыптастыру.</p>
Балалармен жеке жұмыс	<p>Тіл ұстарту. "Кім не істейді?"</p> <p>Тасшы тас қалады, Басшы басқарады.</p> <p>Досшыл – дос табады, Қасшыл – қас табады.</p> <p>Төсшіл – төс қағады, Асшыл – ас бағады.</p> <p>Бәсшіл – бәстеседі, Мәсшіл – мәс теседі. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Жұмбақтар, ертегілер, аңыздар оқу.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Халық ауыз әдебиетіне сүйіспеншіліктерін арттыру. (көркем әдбиет)</p>		<p>"Тап та, атын ата" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Түстерді қабылдауларын және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p>	<p>"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Сөздік қорларын ойыншық атауларымен толықтыру. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p>
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтенкесін реттілікпен киюін қадағалау. (дербес әрекет, мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	Көлеңкені бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	Аула құстарын бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)		Күнді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу) Мақсат-міндеттері.	Аспанды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балаларға көк аспанның кеңдігін тамашалауды

	<p>Максат-міндеттері. Көлеңке құбылысына қызығушылықты ояту; көлеңкенің жарық күнмен тікелей байланысын көрсету; байқағыштыққа тәрбиелеу; жағымды эмоцияларды дамыту. Педагог көлеңкенің тек күн (жарық) түскенде пайда болатынын көрсетеді, айтып түсіндіреді. Абай Құнанбайұлы "Көлеңке басын ұзартып". Көлеңке басын ұзартып, Алысты көзден жасырса; Күнді уақыт қызартып, Көк жиектен асырса... Іс-тәжірибеде балаларға ұнаған қимылдарды жасатып, көлеңкенің айнадай тура сол қимылдарды қайталайтынын, көлеңкенің кара, сұр түсті ғана болатынын байқату. Еңбек әрекеті: қурап түскен жапырақтарды жинау. (қоршаған ортамен танысу, еңбекке баулу дағдылары) Максат-міндеттері. Балалардың қарапайым еңбек дағдыларына машықтандыру. "Үрпек төбет" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз) Максат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға баулу; бір бағытта, бірін-бірін қақпай, жылдам жүгіруге жаттықтыру;</p>	<p>Көркем сөз. Торғай, торғай тоқылдақ, Жерден тары шоқып-ап Бөтегесі томпиып Шиқ-шиқ етіп отырар. Торғай-торғай тоқтаған, Торғайды торғай мақтаған. Бір торғай ұшса боранда, Бәрі жабылып жоқтаған. - Балалар, біз бақылаған құс қалай аталады? - Бұл құс немен қоректенеді? Қайда мекендейді? Бұл құстың адамға пайдасы бар ма? "Құстар және түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Максат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір жерге жиналуға дағдыландыру; ойын барысында кейіпкерлердің рөлін аяғына дейін сомдауға, бір-біріне соғылмай қимылдауға, ережені бұзбауға жаттықтыру; достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. "Түлкіні" санамақ арқылы таңдап алуға болады. Ойын барысында балалардың алаңда секіру, жүгіру мүмкіндіктері қадағаланады. "Кеглиді қағып ал" жаттығуы. Максат-міндеттері. Допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кеглиді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. Еңбек әрекеті: қолөнер сабақтарына табиғи материалдарды жинау. Максат-міндеттері. Балаларды</p>		<p>Серуендеуге, күнге қызығушылықты ынталандыру. Күннің кешке қарай көкжиекке түсетінін көрсету, күннің салқындау болғанын сезінуге шақыру. "Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Максат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; (вестибуляр) тепе-теңдік аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. Шарты: балалар "күн" дегенде барлығы қыдыруға шығады. Ал "жаңбыр" дегенде қолшатырдың айналасына жиналады. "Кеглиді қағып ал" жаттығуы. (дене шынықтыру) Максат-міндеттері. Допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кеглиді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. Еңбек тапсырмасы: ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру. Максат-міндеттері. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары.</p>	<p>үйрету; бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін байқау; бұлттың қозғалысын бақылау; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу. Ашық аспанда бұлтты байқау оңай, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін, мақтаға ұқсайтынын немесе ыдырап кететінін бақылау. Жұмбақ. (көркем әдебиет) Көзі жасты – жылауық, келе жатыр бір алып. Жабырқаса, жылайды, жадыраса құлайды. (Бұлт.) Тақпақ. - Ақсың, сұрсың, қарасың, Қайда қалқып барасың? - Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін! - Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсең, нөсерлет. "Не жөнінде айтылады?" ойыны. Максат-міндеттері. Сын-сипатына қарай табиғат құбылысын шеше білуге машықтандыру (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр бұлттар ұшады, найзағай ойнайды). "Доппен лапта ойнау" қимылды ойыны. Максат-міндеттері. Екі топқа бөлінуді үйрету, ойыншыларға допты лақтыру, ойын тәртібін (сызықты баспай) сақтай отырып; қозғалыс тепе-теңдігін дамыту. Еңбек әрекеті: қурап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен). Максат-міндеттері. Балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу. Құралдары: қолғаптар, қаптар.</p>
--	---	---	--	---	---

	<p>ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалардың біреуі төбетті бейнелейді; ол кілем үстінде жатады, басын алға созылған қолымен аяғына қояды.</p> <p>Қалған балалар оған жақындай түседі, ал тәрбиеші осы кезде былай дейді:</p> <p>Алдыңғы екі аяққа басын сұғып, Әнеки, жалбыр төбет жатыр сұлық. Белгісіз жатқаны ұйықтап, яки қалғып, Момақан, сырт пішіні жуас салғырт. Ояталық жақындап барайық та, Қайтер екен содан соң – қарайық та. Төбет орнынан ұшып тұрып үре бастайды. Балалар қаша жөнеледі. Төбет оларды қуа жөнеледі. Балалардың бәрі жан-жаққа қашып тығылады. Төбет қайтадан кілемге жатады. Ойын жаңа бастаушымен қайта басталады. "Теректей биік болып өсейік" жаттығуы. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта аяқ ұшына тұрып, тепе-теңдікті сақтап жүруге дағдыландыру; жүргенде қолдарды жоғары көтеріп, аяқты өкшеге баспай жүру қабілетін дамыту.</p>	<p>қарапайым еңбек дағдыларына машықтандыру. Балалардың еркін ойындары.</p>			<p>Педагог балалардың шөптерге аллергиясы болуын ескеруі тиіс. Балалардың еркін ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға өз бетінше ойын тақырыбын тандауды үйрету.</p>
--	---	--	--	--	--

	Балалардың еркін ойнайтын ойындары.				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)				
Кешкі ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдыңа Тауысып іш, қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (көркем әдебиет) Қиылған суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (3-6 бөлік). Логикалық ойындар (математика негіздері) Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту. Артикуляциялық жаттығулар. (сөйлеуді дамыту) Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойындар. Мақсат-міндеттері: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге дағдыландыру. "Шапалақты тыңда" ойыны. Мақсат-міндеттері: шеңбер бойымен жүруді үйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қимылдарды жасауға баулу. Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші алақанын соққанда балалар бір аяқпен, ал екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа созып, үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады. (музыка, дене шынықтыру) Еркін ойындар.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "Балабақша ережелері", "Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?" тақырыптарында әңгіме жүргізу.				

04.09 - 08.09.2023ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау, балаларға жағымды орта туғызу. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Әңгімелесу: отбасылық дәстүрлер туралы, баланың отбасындағы тәртібі, оның әдеттері, балабақшадағы достарымен қарым-қатынасы, тамақтану және ұйықтау әдебі жайлы әңгімелесу.				
Балалардың дербес	"Еңбекке баулу"	"Еңбекке баулу"	"Еңбекке баулу"	"Еңбекке баулу"	"Еңбекке баулу"

<p>әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>Мақсат-міндеттері. Балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу.</p>	<p>Мақсат-міндеттері. Балаларды балабақшадағы ойын бұрышында кезекшілікті атқару іскерліктерін жетілдіру.</p>	<p>Мақсат-міндеттері. Балаларға белгіленген рет бойынша киініп-шешіну дағдыларын меңгеруге, бөтенкесінің бауын байлау, түймелерін түймелеу, киімдерін іліп немесе ұқыптылықпен бүктеп қою, үлкендердің көмегімен киімін дер кезінде ретке келтіруге (тазалау, кептіру және тағы басқа) іскерліктерін дамыту.</p>	<p>Мақсат-міндеттері. Балаларды топ бөлмесінде реттілікті сақтауға үйрету: ойыншықтарды, құрылыс материалдарын өздігінен орнына жинау, оларды сындырмауды үйрету.</p>	<p>Мақсат-міндеттері. Балаларға балалар еңбегін әңгімелеп беру; кезекшілерді өз істеріне дұрыс үйретіп, тостағанды тұтқасынан, нан салуға арналған ыдысты екі қолымен ұстауды және тағы басқа естеріне салып отыру.</p>
	<p>ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка)</p> <p>Саусаққа арналған жаттығу. "Сәлем". Мақсат-міндеттері. Балаларды қимылдарды мәтін жолдарының ырғағына сай орындауға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Сәлемдесем әрдайым (екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды) Үйде және бақшада (екі қолдарын алға жаяды) "Сәлем! Сәлем!" - деймін мен ("Қанаттары" екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады) Қасымдағы көршіме. (бір қолдың сыртын екінші қолдың алақанына</p>	<p>"Шатаспай есте сақта" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Әр баланың алдына әртүрлі заттар бейнеленген 10-15 карточка қойылады (алма, троллейбус, шәйнек, ұшақ, қалам, мәшине, ат, әтеш тағы басқа) Педагог: - Қазір мен сендерге бірнеше сөздерді атаймын. Алдындағы суреттерге қарап, мен айтқан сөзді есте сақтауға көмектесетін бір затты таңдап ал да, оны бөлек жерге қой. Бірінші сөз оқылады. Балалар алдарындағы суреттен таңдаған соң, екінші сөз және ары қарай осылайша оқылады. Бала педагог айтқан сөзді қайталап, өз заттарының ішінен байланыстыратын суретті алып, есінде сақтауы қажет. (сөйлеуді дамыту) "Сурет салудан ойын-жаттығу. ""Түрлі түсті</p>	<p>"Сәлем!" саусақ жаттығуы. Сәлемдесем әрдайым (екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды). Үйде және көшеде (екі қолдарын алға жаяды). "Сәлем! Сәлем!" - деймін мен ("қанаттарын" екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады). Қасымдағы көршіме (бір қолдың сыртын екінші қолдың алақанына беттестіре саусақтарды жан-жаққа аша "күн" жасайды). - Сәлемет пе, (екі қолды жоғары созып, аспанды көрсетеді) Шуақты күн көкте! (екі қолды жоғары көтере екі жанына кезек теңселеді). - Сәлемет пе, (екі қолды төмен түсіре, қол бастарын бір-бірінің үстіне қойып алдына ұстайды). Нұрлы аспан көкпенбек! (оң жаққа оң қолын жаяды) - Сәлемет пе, (сол жаққа сол қолын жаяды).</p>	<p>Санамақтар айтқызу. М. Қуанышбеков "Санамақ". Екі көз бен қос құлақ Бір бас пенен бір мұрын Нешеу болды қос шырақ, Санап шығар кім бұрын?! Екі аяқ пен екі қол, Бір ауыз бен бір тілің ... Нешеу болды қане, бол, Санап шығар кім бұрын?! Сұқ саусағым суға барды Ортаң қолым орақ орды. Аты жоғым ағаш жарды, Жұмсамапты алақаным, Тек шынашақ-балапанын. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу. "Табиғат ғажайыптары". Мақсат-міндеттері. Балалардың қоршаған табиғат туралы негізгі ұғымдарын қалыптастыру; жанды және жансыз табиғат нысандары туралы білімдерін кеңейту; күн</p>	<p>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу. "Ойыншықтармен танысу". Балаларға балабақша туралы түсінік беру, балабақша мен топтың атауларын жатқа айта білуді үйрету. "Сандықтарды жинайық" зерттеу жаттығуы. Сюжеттік ойыншықтармен ойнау. Ертегі оқу. (көркем әдебиет) Үстел-үсті театры. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>"Сиқырлы суреттер" дидактикалық\ойын, Міндеттер: логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау үрдістерін дамытады. (сөйлеуді дамыту)</p>

	<p>беттестіре саусақтарды жан-жаққа аша «күн» жасайды) (сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Педагог үстелдің үстіне бірнеше зат қояды. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын біртіндеп көбейтуге болады. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>доптар"" Мақсат-міндеттері. Балаларды түрлі түсті қарындашпен (фломастермен) қағаз бетіне көлемі әртүрлі дөңгелектерді, доптарды, салуды үйрету; дөңгелектерді түзу сызықтармен, нүктелермен безендіру амалдарымен таныстыру; доппен ойналатын ойындар туралы мағлұматтарын кеңейту. (сурет салу) Түрлі түсті доптардың түстерін қазақ тілінде атау. (қазақ тілі) Саусақ жаттығуы. ""Түймеше"". Тоқ-тоқ, тоқ-тоқ, саусағым, Соққылайды томпағым. Түймешені, түймешені, Басып, басып таппадым. (сөйлеуді дамыту)"</p>	<p>Самал жел желпіген (оң қолдың сұқ саусағын алдына тік ұстап оңға және солға кезектестіре қозғайды). - Сәлемет пе, (бастарын шайқайды) Кішкентай түбіртек! Сәлем, таң жаңа атқан! Сәлем, күн арайлы! Сәлемге еріну! Бізде есте болмайды. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>«Алаша» Міндеттер: Қағазды қию арқылы, түстерін ажырата алады. (жапсыру)</p>	<p>райын бақылау кезінде маусымдық өзгерістерді байқап, ажырата білуді үйрету; балабақша туралы түсінік беру. Балалардың табиғат құбылыстары арқылы көзбен қабылдау мен фонематикалық есту қабілетін, есте сақтау қабілеті мен зейінін және ойлауын дамыту. "Жанды және жансыз табиғатты ата" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Жанды және жансыз табиғатты бір-бірінен ажырата білу іскерліктерін дамыту; ұйымдастырылған іс-әрекетіне қызығушылықтарын арттыру.</p>	
<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p>Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға шақ келетін текшелер)</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. <ol style="list-style-type: none"> 1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып, текшелерін көрсетіп: "Міне!" дейді. 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталаанады). 2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қолдағы текшелер көкірек тұсында. <ol style="list-style-type: none"> 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерді көрсетіп: "Міне!", "Міне!" дейді; 2.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталаанады). 3. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене бос, қол төменде <ol style="list-style-type: none"> 3.1. Жерге отырып, қолдарын алдына созып: "Міне!" дейді. 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталаанады). 4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қолдағы текшелер көкірек тұсында. <ol style="list-style-type: none"> 4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму. 4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталаанады). (дене шынықтыру) 				
<p>Таңғы ас</p>	<p>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым қатынас негіздерін дамыту. Ас ішкенде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз!</p>				

	Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз! Балалар алғыс айтады, тамақтануға кіріседі.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Менің отбасым" тақырыбында балалармен әңгімелесу. Мақсат-міндеттері. "Отбасы" тақырыбында сюжетті суреттер көру. Суретке байланысты сұрақтар қою. (сөйлеуді дамыту)	"Отбасындағы сыйластық" әңгімелесу. Мақсат-міндеттері. "Отбасындағы сыйластық" тақырыбында балаларға сұрақтар қою және сұрақтарға толық жауапты талап ету. (сөйлеуді дамыту)	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңілкүй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Күнім күліп арайлы, Тереземнен қарайды. Достарыммен шеңберге, Тұрғанымды қалайды. (сөйлеуді дамыту)	"Менің ең жақын досым - менің анам" әңгімелесу. Мақсат-міндеттері. "Менің ең жақын досым - менің анам" тақырыбында балалармен әңгімелесу. Сөздік қорларын молайту. (сөйлеуді дамыту)	"Менің отбасым" тақырыбында әңгімелесу. Мақсат-міндеттері. "Менің отбасым" тақырыбында отбасы мүшелеріне байланысты жұмбақтар қою. Жұмбақтардың жауабын үш тілде айтқызу. Суреттерді сипаттау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Қуыршақ Дана сапта тұр" Мақсат-міндеттері. Балаларды сапқа бір-бірден және бірінің артынан бірі тұрып жүруге, жүгіру жаттығуларын жасауға үйрету; сап түзеп тізесін жоғары көтеріп жүру дағдыларын жетілдіру; сап түзеп жүргенде қимыл үйлесімділігін сақтау қабілетін қалыптастыру; 2-3 метр қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру және бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты домалату дағдысын жетілдіру; сап түзеп шеңберге ауысу дағдыларына үйрету.	Дене шынықтыру "Әдемі сап түзейміз!" Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі сап түзеп жүру, педагогтің белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен жүріп, жай қалыпқа түсу, тез ойнаған музыка әуенімен жүгіру, жүгіріп келе жатып жай жүріске ауысу және тізені жоғары көтеріп, денені тік ұстап жүру іскерліктерін дамыту; бір-біріне қарама-қарсы отырып допты домалату іскерліктерін жетілдіру; допты домалату (1,5-2 м қашықтықта аяқты алшақ ұстап отырып) жаттығуларын орындау; ұйымдастырылған іс-әрекетке қызығушылықтарын ояту.	Музыка "Ойыншықтар". Мақсат-міндеттері. Балалардың музыкаға қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажыратуды үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; қызықты ойындарға толы балабақша мен ойыншықтар жөнінде ұғымдарын кеңейту. Балалардың музыкаға қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сын-сипатын	Дене шынықтыру "Сапқа тұрайық". Мақсат-міндеттері. Балаларды сап түзеп тізесін жоғары көтеріп жүру дағдыларын жетілдіру; сап түзеп жүргенде қимыл үйлесімділігін сақтау қабілетін қалыптастыру; 2-3 метр қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру және бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты домалату дағдысын бекіту.	Қазақ тілі "Сәлем - сөздің анасы. Кел, танысайық!" Мақсат-міндеттері. Қазақ тілінде айтылған сөздерді тыңдау, түсіну, қабылдауды үйрету, ересек адамның үлгісі бойынша амандасуды, қоштасуды, өзін таныстыруды білдіретін сөздерді түсініп, қарым-қатынаста қолдана алады, сөздердегі дауысты дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

			ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; қызықты ойындарға толы балабақша мен ойыншықтар жөнінде ұғымдарын кеңейту. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, ұйымдастырылған іс-әрекетке қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыру.		
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Күз мезгіліндегі күн туралы мәлімет беру; күз мезгілінде киілетін киімдердің атауларын пысықтау; ұғымталдыққа тәрбиелеу. Жұмбақ жасыру. Ар жағында орманның, Ар жағында таулардың, Алтын кеспек домалар. (Күн.) - Балалар, күн қайда орналасқан? (Күн аспанда орналасқан.)	Ауладағы адамдардың еңбектерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері: балаларды қырағылыққа, сұрақтарға толық жауап беруге баулу; еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу. - Балалар, сендер жұмыс істей білесіңдер ме? - Ендеше, балалар, бүгін ауладағы адамдардың жұмыстарын бақылаймыз. - Жыл мезгілдеріне байланысты жұмыстар әртүрлі болып келеді. Жазда қоқыстарды сыпырып жинаған. Қыста қар күрейді.	Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері: ауа қозғалысы жөнінде бастапқы түсініктемені нығайту. Желдің әлсіз және күшті жақтарын ажырата білуді үйрету; желдің күшін қандай белгілері бойынша анықтау қажет екенін түсіндіре білу: ағаш қозғалса желдің күші қатты болғаны, шөп тербелсе желдің күші әлсіз болғаны. Күзгі желді қысқы желмен салыстыра алуды үйрету. Жұмбақ.	Теректі бақылау. (қоршаған ортамен байланысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Ағаштың құрылымын еске түсіру, "терек мамығы" ұғымын бекіту; ұғымталдыққа тәрбиелеу. "Не қайда өседі?" дидактикалық ойыны. (сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Жеміс, көгөніс, жидек, гүл, ағаштардың қайда өсетінін анықтау; байланыстырып сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, сөздік қорды белсендіру; қоршаған әлемге қызығушылықты	Иттерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Иттердің пайда болуы туралы түсінік қалыптастыру; үй жануарына күтім жасауға тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (бұршіктер мен жапырақтарды жинау). Мақсат-міндеттері. Қарапайым тапсырмаларды орындау іскерліктерін жетілдіру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қоймадағы тышқандар". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың саламатты өмір салтына, ойынға деген құштарлықтарын дамыту,

<p>- Күннің нелері бар? (Сәулелері бар.) - Күн қалай қыздырады? (Күн қатты қыздырады. Бүгін күн ыстық.) - Балалар, сендер күннің ыстық екенін қайдан білдіңдер? Өйткені біз күзгі киімдерді киіп жүрміз. Күндіз күн жоғарыда тұрғандықтан, күн ыстық болады. Ал таңертең және кешке күн салқын болады. "Жұбынды тап" ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Зейінділікке, байқағыштыққа, шапшаңдыққа, кеңістікті бағдарлауға баулу. Ойыншылар тізіліп тұрады. Педагог әр балаға бір таңбалауыш (фишка) суреттен таратып береді. Педагогтің белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбынды тап" белгісі бойынша бірдей түсті таңбалауыштары (фишкалары) бар балалар жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек. Құралдары: таратпалы жеті түсті таңбалауыш (фишка). Әрбір таңбалауыштың жұбы</p>	<p>"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға қызығушылықтарын арттыру. Балалар шеңбер құрып отырады, шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, оның қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойында отырған баланың біріне орамалды артына тастап кету керек. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орнына отыруы керек. Құғыншы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады. Еңбек әрекеті: ауладағы ағаштардан түскен бұта-қоқыстарды жинау. Мақсат-міндеттері. Балаларды бірлесе істей жасай білуге баулу. "Шеңберден шеңберге" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды жерде жатқан бір шеңберден екінші шеңберге секіріп өтуге машықтандыру; секіріп жылжығанда мұқият болуға, шеңбердің шетін баспауға дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Құралдар: үш-төрт шеңбер.</p>	<p>Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қонады. (Жел.) Тақпақ. Желдет, желдет! Баласын жылат, Жетіқара, дауылдат! Тайтерісін қалтырат, Өрісін құлат, Науа-астауын жылтырат! "Қол ұстасып жүру" ойыны. (қоршаған ортамен танысу) Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша ортаға қозғалуға, екі шеңбер құра білуге үйрету (орталар қарама-қарсы жаққа айналады, қолдарын ұстамай бір жағына); ұжымдық сезімге тәрбиелеу. Еңбек әрекеті: үй өсімдігін отырғызу (тәрбиешінің көмегімен). Үй өсімдігін отырғызуды бақылау. Мақсат-міндеттері. Жұмыс аяқталған соң жұмыс орнын өз бетінше жинауды үйрету. "Ойлан, асықпа" ойыны. (қоршаған ортамен танысу) Мақсат-міндеттері. Зеректікке, тапқырлыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу. Тәрбиеші тапсырмасы бойынша сөз табу. «Күннің көзі» сөзіне - айқын, ыстық, жарық; «аспан» сөзіне - бұлт, көгілдір, жаңбыр сияқты сәйкес келетін сөз табу. Тапсырма. Су арқылы желдің күштілігін анықтау. "Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене</p>	<p>арттыру. Құралдар: өсімдіктер салынған карточка-суреттері. "Кім бірінші?" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды тура бағытта белгі бойынша жылдам жүгіруге машықтандыру; шапшаңдыққа, зеректікке, достық қарым-қатынастарға тәрбиелеу. Педагог балаларды екі топқа бөледі. Педагогтің белгісі бойынша балалар тура бағытта, белгіленген межеге дейін жүгіріп баруы керек. Ең бірінші болып межеге жеткен топтың балалары жеңіске жетеді. Педагог барлық жұптарды мақтайды. Жүгіру жолы балалар үшін қауіпсіз болуын педагог ескеру керек. Еңбек әрекеті: өскіндерді суару. Мақсат-міндеттері. Балаларда қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру. Балалардың еркін ойындары.</p>	<p>балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл күйлерін көтеру; ептілікке, шапшаңдыққа, ойынды қызыға ойнауға баулу, ойынға қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру; ұжымда ойнауға тәрбиелеу. Барысы: алаңның ортасына 8-10 см арақашықтықта екі бірдей сызық сызылады. Алаңның шеттерінде 1-2 адым қашықтықта мысықтың үйі сызылады. Ойыншылар мысықты тандап алады. Қалғандары тышқандар болады. Тышқандар қоймадағы дәндерді жинауға келе жатады. Осы кезде мысық оларды ұстауға тырысады. Ұстап алған тышқанды "мысық" үйіне апарады. Еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтары бойынша ойын тандау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.</p>
---	---	--	--	--

	<p>бар.</p> <p>Түрлі түсті таңбалауыштар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады.</p> <p>Еңбек әрекеті: табиғи материалдарды жинау.</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларды еңбекке баулу, қол еңбегіне қажет материалдарды жинау.</p> <p>"Допты ұстап ал" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Допты екі қолмен ұстап алуға дағдыландыру; ептілік пен шапшаңдықтарын дамыту.</p> <p>Балалардың еркін ойыны.</p>	<p>Балалардың еркін ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері: өздерінің еріктері бойынша ойын түрлерін таңдау; ойын ойнау кезінде белсенділік таныта білуге тәрбиелеу.</p>	<p>шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларды кегльдердің арасымен баяу және ептілікпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту.</p> <p>Құралдар: кегльдер.</p> <p>Балалардың еркін ойыны.</p> <p>Ойында балалардың өз бетінше бір-бірімен араласа білуін, өзінің іс әрекетімен қылығын білдіруге, өз пікірінде тұруға, құрдасының ұсынысымен келісе алмайтынын көрсетуді үйрету.</p>		
Серуеннен оралу	<p>Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бөтенкесін белгілі ретпен шешуі; киімді жүйелі түрде шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; сабынды әбден көпіртіп, қолдарын жақсылап жуып-шаю, беттерін жуу, беттерін және қолдарын сүлгімен құрғату. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
Түскі ас	<p>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту.</p> <p>Ас ішкенде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз! Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз! Балалар алғыс айтып, тамақтануға кіріседі.</p>				
Түскі ұйқы	<p>Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.</p>				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	<p>Ұйқыдан тұрғаннан кейін төсекте жатып жаттығу жасау; төсектерінен тұрмай жатып, көрпелерін ашпай жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды (төсекте жатып 2-3 минут жасалатын жаттығулар балалардың ұйқысы ашылып, сергек болуына бағытталған).</p> <p>Жаттығуды ұйқыдан ояңған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары ояңған кезде қосылады).</p> <p>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.</p> <p>(дене шынықтыру)</p>				
Бесін ас	<p>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту.</p>				

	<p>Ас ішкенде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз! Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз! Балалар алғыс айтып, тамақтануға кіріседі.</p>				
<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу. "Әлди-әлди санамағын мәнерлеп оқу. Дауысты [а], [ә] дыбыстары. Мақсат-міндеттері. Балаларға балабақша туралы түсінік беру, балабақша мен топтың атауларын жатқа айтуды үйрету, балалардың ойыншықтар туралы әңгімелеу қабілеттерін қалыптастыру, ойыншықтардың қасиеттерімен таныстыру. Балаларды ойыншықтармен таныстыру кезінде зейін, есте сақтау және қабылдау қабілеттерін, танымдық қызығушылықтарын дамыту. "Ойыншығыңмен таныстыр" сөздік жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларға заттардың қажеттілігі туралы қарапайым сөз тіркестері арқылы айтуды үйрету. "Менің отбасым" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың сөздік қорын отбасын сипаттайтын</p>	<p>Сурет салудан ойын-жаттығу. "Дуал". Мақсат-міндеттері. Балаларды қылқалам арқылы тіктөртбұрыш пішіні бойымен тіке және көлденең сызықтарды айқастыра жүргізіп, дуалды салуға үйрету; құрылыс нысаны дуал туралы түсінік беру. Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Қошақаным". Мақсат-міндеттері. Балаларға қошақан туралы ұғым беру; қошақанға күтім көрсету ерекшеліктері мен қошақанның өмір сүру қалпы туралы түсініктерін кеңейту; үй жануарларының өз бетімен табиғатта өмір сүруі қиын екенін түсіндіру; үй жануарларының төлдерін бір-бірінен ажыратуды үйрету; отбасы туралы түсінік беру. "Үй жануарын дауысына қарай ажырат" дидактикалық ойын. Мақсат-міндеттері. Үй жануарларының дыбыстарын ажырату қабілеттерін дамыту. (сөйлеуді дамыту) Сюжетті-рөлдік ойыны. "Отбасы". Мақсат-міндеттері. Ойынға қызығушылықты дамыту, балалар арасындағы жағымды</p>	<p>Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Әженің көмекшілері". Мақсат-міндеттері. Балаларда "көп", "біреу", "бір-бірден", "бірде-біреуі жоқ" деген ұғымдар туралы түсінік қалыптастыру; отбасы жөніндегі түсінікті тиянақтау. Балаларды бөлмедегі отбасы мүшелері қолданатын құралдарды ажырату және олардың санын анықтау тәртібіне үйрету; саны біреу және саны көп заттарды салыстыру, заттарды жалпы белгілері бойынша топтастыру біліктерін жетілдіру; зейін, есте сақтау, ойлау, қабылдау қабілеттерін дамыту. "Жіптерді орнына сал" дидактикалық ойын. Мақсат-міндеттері. Себетке тоқыма жіптерді түстеріне және көлеміне қарай жинау. "Суретті құрастыр" үстел-үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды тұтас затты жеке бөліктерден құрастыруға жаттықтыру; ерік-жігерін, мақсатқа талпынуын тәрбиелеу. Барысы. Қорапта әртүрлі заттар бейнеленген тұтас</p>	<p>Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Әжем пісірген тәттілер". Мақсат-міндеттері. Балаларды қамыр сияқты мүсіндеу материалымен таныстыру; кесектен бөліктерді үзіп, әртүрлі нан өнімдерін жасауға үйрету; дөңгелектеу және тік есіп мүсіндеу, таяқша ұштарын қосу, жалпайту тәсілдеріне жаттықтыру; нан өнімдері туралы түсініктерді кеңейту. Қамырдан саусақтармен үзу және жұлу, алақандар арасында дөңгелектеп илеу, тік есу арқылы қолдың ұақ моторикасын дамыту; пішіндерді қабылдау, жазықтықты және кеңістікті бағдарлау мүмкіндіктерін жетілдіру. "Отбасы" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды отбасылық қатынастарды көбейтуге және оларды шығармашылық тұрғыдан түсіндіруге шақыру; ересектердің іс-әрекетінің адамгершілік мағынасын ашу; өзара түсіністік сезімін, басқаларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Ойынға ұлдар да, қыздар да</p>	<p>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу. "Мұрагер". Мақсат-міндеттері. Балаларды "Мұрагер" ертегісімен таныстыра отырып, ертегіні мұқият тыңдауға үйрету; кейіпкерлердің айтатын сөздерін есте сақтап, қайталауға талпындыру; ертегідегі адамдардың тіршілігі туралы мағлұматтар беру, үлкендердің тілін алу керектігін түсіндіру; отбасы туралы түсінік беру. "Кіші ұлдың асыл бұйымын тап" ойын рефлексиясы. Вариативті компонент/Әлеумет "Отбасы" ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың "Отбасы" ойыны арқылы шығармашылықтарын шыңдау; отбасы туралы түсініктерін кеңейту; әр отбасы мүшесінің атқаратын ісі мен рөлі жөнінде ұғымдарын қалыптастыру; отбасылық ынтымақтастық туралы білімдерін толықтыру. "Отбасы" ойыны. "Қай жерде шырылдады?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Дыбыстың қай жерден шыққанын анықтау. Алдын-ала дайындық жұмысы: қоңыраушаны дайындайды. Барысы: балалардың ішінен жүргізушіні тағайындайды. Балалар шеңбер бойымен отырады, жүргізуші ортада көзін жұмып</p>

	<p>анықтамалармен толықтыру. Барысы: балалар кезекпен отбасы мүшелеріне байланысты суретті алып, өз отбасы мүшелері туралы айтады. Педагогтің сұрақтарына жауап береді. Үлгі: - Сенің отбасың қандай? - Менің отбасым ең көңілді (мейірімді, еңбекқор, кітап оқиды, саяхаттайды, спортты жақсы көреді), өйткені ... (сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Қуыршақ бөлмесін жасаймыз" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері: жиһаз және оның мақсаты туралы білімді бекіту. Құрал-жабдықтар: балалар жиһазының заттары. Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға: - Алуа қуыршағына жаңа жиһаз сатып алды, бірақ ол оны бөлмеге қалай қою керектігін білмей тұр. Оған жиһаз қоюға көмектесейік. Тәрбиеші балалармен бірге үстелді ортаға қояды. Үстелдің қажеттілігі туралы балалардан сұрайды. Мысалы, Асем: "Бұл үстел, біз оны бөлменің ортасына қоямыз. Қуыршақ үстел басында тамақтанатын болады.</p>	<p>қатынастарды қалыптастыру. Балалардың таңдауы бойынша ертегіні оқып беру. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>суреттер болады. Жеміс-жидектер, ойыншықтар, өсімдіктер. Екінші қорапта дәл осы суреттер төрт бөлікке бөлініп салынған. Педагог балаларды суреттермен таныстырады. Олар суретте не бейнеленгенін атап айтады. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>қатысады. Балалар отбасындағы ата-анасы немесе әжесі және басқа ересек туыстарының рөлін ойнайды. Балалардың рөлін қуыршақтар ойнайды. Біріншіден, барлығы бірге үй ортасын қалпына келтіруі керек. Жиһазды орналастыру, заттар қою, балалар кімнің қандай рөлдерді ойнайтыны туралы келісуі керек. Педагог осы процесті бақылап, жанжалды жағдайларды шешуге көмектесе алады. Ойынды босқа ойнамай, балаларды нақты жағдайларды шешуге ынталандыру: "Балаларды балабақшаға жинау"; "Демалыс күні"; "Үйдегі тазалық"; "Жөндейміз"; "Дастарқан басында" және тағы басқа. Ойын барысы балалар арасындағы қарым-қатынасты ғана емес, сонымен қатар еңбек элементтерін де қамтуы керек. Ойын алдында балаларға отбасылық күнделікті тақырыптағы ертегіні оқуға болады, содан кейін оны талқылап, ойын арқылы сипатталған жағдайда дұрыс мінез-құлық моделін көрсетуге болады. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>тұрады. Педагог бір балаға қоңыраушаны береді, бала көзін ашпай, дыбыстың қай жақтан шыққанын қолымен нұсқайды. Егер бала дұрыс таппаса, онда екінші рет ойнап отырады. Сосын келесі бала шығады.</p>
--	--	--	--	--	--

	Орындықты үстелдің қасына қою керек, қуыршақ орындыққа отырады. Жиһаздың қызметін балалар осылай айтып береді. (сөйлеуді дамыту)				
Балалармен жеке жұмыс	"Менің отбасым" Мақсат-міндеттері. Отбасы тақырыбында мақал-мәтелдер айтқызу. (көркем әдебиет) «Байтерек ағашы» ертегі Міндеттер: ертегілердің мазмұнын түсініп айтады. (көркем әдебиет)	"Жапырағына қарай ажырат" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Ұқсас белгісіне қарай жапырақтарды таба білуге жаттықтыру, сөздік қорын толықтыру, есту, қабылдау қабілетін дамыту. Барысы: балаға әртүрлі жапырақтар таратылады. Балаға жапырақтарды салыстырып, қай ағаштың жапырағы екенін табу керек. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	"Отбасы" тақырыбында санамақтар айтқызу. Бір үйде біз нешеуіміз? Кел санайық екеуіміз. Бас бармағым - атам, Балаң үйрек - апам, Орган терек - әкем, Шылдыр шүмек - анам, Кішкентай бөбек - мен. Біз үйде нешеуіміз? Біз үйде-бесеуіміз. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері)	"Өз әжең" тақырыбында әңгімелесу. Мақсат-міндеттері: баланың сөздік қорын жақын туыстарын білдіретін жаңа сөздермен толықтыру. (сөйлеуді дамыту)	"Отбасы" тақырыбында санамақтар айтқызу. Бір үйде біз нешеуіміз? Кел санайық екеуіміз. Бас бармағым - атам, Балаң үйрек - апам, Орган терек - әкем, Шылдыр шүмек - анам, Кішкентай бөбек - мен. Біз үйде нешеуіміз? Біз үйде-бесеуіміз. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері)
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтәңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (дербес әрекет)				
Серуен	Күнді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Күз мезгіліндегі күн туралы мәлімет беру; күз мезгілінде киілетін киімдердің атауларын пысықтау; ұғымталдыққа тәрбиелеу. Жұмбақ жасыру. Ар жағында орманның, Ар жағында таулардың, Алтын кеспек домалар. (Күн.) - Балалар, күн қайда орналасқан? (Күн аспанда	Ауладағы адамдардың еңбектерін бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларды қырағылыққа, сұрақтарға толық жауап бере білуге баулу; еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу. - Балалар, сендер жұмыс істей білесіңдер ме? - Ендеше, балалар, бүгін біз сендермен ауладағы адамдардың жұмыстарын бақылаймыз. - Жыл мезгілдеріне байланысты жұмыста әртүрлі болып келеді. Сонымен жазда	Желді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Ауа қозғалысы жөнінде бастапқы түсініктемені нығайту. Желдің әлсіз немесе күшті жақтарын ажырата білуге үйрету; қандай белгілері бойынша желдің күштілігін анықтау қажет екенін түсіндіре білу. Ағаш қозғалса желдің күшті болғаны, шөп тербелсе желдің әлсіз болғаны. Күзгі желді қысқы желмен салыстыра білуге үйрету.	Теректі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен байланысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: ағаштың құрылымын еске түсіру, "терек мамығы" ұғымын бекіту; ұғымталдыққа тәрбиелеу. "Не қайда өседі?" дидактикалық ойыны. (сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: жеміс, көгөніс, жидек, гүл, ағаштардың қайда өсетінін анықтау; байланыстырып сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, сөздік қорды белсендіру; қоршаған	Иттерді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Иттердің пайда болуы туралы түсінік қалыптастыру; үй жануарына күтім жасауға тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (бүршіктер мен жапырақтарды жинау). Мақсат-міндеттер. Қарапайым тапсырмаларды орындау іскерліктерін жетілдіру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қоймадағы тышқандар". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың денсаулыққа, ойынға деген

	<p>орналасқан.) - Күннің нелері бар? (Сәулелері бар.) - Күн қалай қыздырады? (Күн қатты қыздырады. Бүгін күн ыстық.) - Балалар, күннің ыстық екенін қайдан білдіңдер? Иә, балалар, біз күзгі киімдерімізді киіп жүрміз. Күндіз күн жоғарыда тұрғандықтан, күн ыстық болады. Таңертең және кешке күн салқын болады. "Жұбынды тап" ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Зейінділікке, байқағыштыққа, шапшаңдыққа, кеңістікті бағдарлауға баулу. Ойыншылар тізіліп тұрады. Педагог әр балаға бір суретті таңбалауыштан (фишка) таратып береді. Педагогтің белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбынды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті таңбалауыштары (фишка) бар балалар жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек. Құралдары: таратпалы жеті түсті таңбалауыштар (фишка). Әрбір</p>	<p>қоқыстарды жинап аула сыпырса, ал қыста басқаша. Қыста қар күрейді. "Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға қызығушылықтарын арттыру. Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, оның қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп, орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек. Құғыншы бала орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады. Еңбек әрекеті: ауладағы ағаштардан түскен бұта-қоқыстарды жинау. Мақсат-міндеттер: балаларды бірлесе жұмыс істеуге баулу. "Шеңберден шеңберге" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды жерде жатқан бір шеңберден екінші шеңберге секіріп өтуге машықтандыру; секіріп жылжығанда мұқиятты болуға, шеңбердің шетін баспауға дағдыландыру;</p>	<p>Жұмбақ. Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қонады. (Жел.) Тақпақ. Желдет, желдет! Баласын жылат, Жетіқара, дауылдат! Тайтерісін қалтырат, Өрісін құлат, Науа-астауын жылтырат! "Қол ұстасып жүру" ойыны. (қоршаған ортамен танысу) Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша ортаға қозғалуға, екі шеңбер құра білуге үйрету (орталар қарама-қарсы жаққа айналады, қолдарын ұстамай); ұжымдық сезімге тәрбиелеу. Еңбек әрекеті: үй өсімдігін отырғызу (тәрбиешінің көмегімен). Үй өсімдігін отырғызуды бақылау. Мақсат-міндеттері. Жұмыс аяқталған соң жұмыс орнын өз бетінше жинауға үйрету. "Ойлан, асықпа" ойыны. (қоршаған ортамен танысу) Мақсат-міндеттері. Зеректікке, тапқырлыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу. Тәрбиеші тапсырмасы бойынша сөз табу. «Күннің көзі» сөзіне - айқын, ыстық, жарық., шуақты, нұрлы, жайдары «Аспан» сөзіне - бұлт, көгілдір, жаңбырлы, ашық, бұлтты ... сияқты сәйкес келетін сөз табу. Тапсырма. Су бойынша желдің күштілігін анықтау. "Қағып алмай өт" (кегли)</p>	<p>әлемге деген қызығушылықты арттыру. Құралдар: өсімдіктердіктер салынған карточка-суреттері. "Кім бірінші?" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды тура бағытта белгі бойынша жылдам жүгіруге машықтандыру; шапшаңдыққа, зеректікке, достық қарып-қатынастарға тәрбиелеу. Педагог балаларды екі топқа бөледі. Педагогтің белгісі бойынша балалар тура бағытта, белгіленген межеге дейін жүгіріп баруы керек. Ең бірінші болып межеге жеткен топ балалары, жеңіске жетеді. Педагог барлық жұптарды мақтайды. Жүгіру жолы балалар үшін қауіпсіз болуын педагог ескеру керек. Еңбек әрекеті: өскіндері суару. Мақсат-міндеттер: балаларда қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру. Балалардың еркін ойындары.</p>	<p>күштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру; ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру; ұжымда ойнауға тәрбиелеу. Барысы: алаңның ортасына 8-10 см арақашықтықта екі бірдей сызық сызылады. Алаңның шеттерінде 1-2 адым қашықтықта мысықтың үйі сызылады. Ойыншылар мысықты тандап алады. Қалғандары тышқандар болады. Тышқандар қоймадағы дәндерді жинауға келе жатады. Ал мысық осы кезде оларды ұстауға тырысады. Ұстап алған тышқанды “мысық” үйіне апарды. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтары бойынша ойын тандау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.</p>
--	--	--	---	---	--

	таңбалауыштың жұбы бар. Түрлі түсті таңбалауыштар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады. Еңбек әрекеті: табиғи материалдарды жинау. Мақсат-міндеттері. Балаларды еңбекке баулу, қол еңбегіне қажет материалдарды жинау. "Допты ұстап ал" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Допты екі қолмен ұстап алуға дағдыландыру; ептілік пен шапшаңдықтарын дамыту. Балалардың еркін ойыны.	шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Құралдары: үш-төрт шеңбер. Балалардың еркін ойыны. Мақсат-міндеттері: ойын түрлерін өз қалауларымен таңдау; ойын ойнау кезінде белсенділік таныта білуге тәрбиелеу.	ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың кегли арасымен баяу және ептілікпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту. Құралдар: кегли. Балалардың еркін ойыны. Ойында балалардың өз бетінше бір бірімен араласа білуін, өзінің іс әрекетімен қылығын білдіруге, өз пікірінде тұруға, құрдасының ұсынысымен келісе алмайтынын көрсетуге үйрету.		
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Ас ішкенде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз! Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз! Балалар алғыс айтып тамақтануға кіріседі.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Жұмбақтар, ертегілер, аңыздар оқу. Балалардың тілін, дыбыстарды дұрыс дыбыстауын дамыту. Халық ауыз әдебиетіне сүйіспеншіліктерін арттыру. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Музыкалық аспаптармен ойындар. Күз мезгіліне байланысты әндерді үйрету. (музыка) Өнер бұрышында суреттерді бояу. Балабақшаның ауласы бейнеленген суреттерді бояу. (сурет салу) Театрлық қойылымдар. (көркем әдебиет) Есте сақтау қабілетін жақсартуға арналған үстел үсті ойындар. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ қол моторикасын дамыту)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Кеңес. "Қиын бала қайдан	Кеңес. "Балаларға жиі ойнауға	Кеңес. "Ойыншықтардың бала	"Менің сүйікті ойыншығым" тақырыбына көрме	Баланың жетістіктері туралы ата-анасымен әңгімелесу.

	шығады?"	мүмкіндік беріңіз".	өміріндегі маңызы".	ұйымдастыру.	
--	----------	---------------------	---------------------	--------------	--

11.09 - 15.09.2023ж.

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Педагогтің ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беруі; мектепке дейінгі мекеменің тәртіп ережелері жайлы ақпарат беру; балаларды мәдени-гигиеналық ережелермен таныстыру; балаларға қолайлы орта туғызу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үстелдің үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шұнғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін көрсету.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үйді өз бетінше тазалауын, табиғат мүйісіндегі мекендеушілерге күтім жасау дағдыларын қалыптастыру.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыруға, шкафтарда тәртіпті сақтауға, шаңды сүртуге үйрету.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды өсімдіктерді суару, жемсалғышты, астауды, көгөністерді жуу; астауға су құю және дайын жемді жемсалғышқа салу, балыққа жемді өлшеуішпен салуды үйрету.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды сумен жұмыс істегенде гигиеналық дағдыларды сақтауды үйрету: жеңдерінді түріндер, матаны сулаңдар, сығындар, құрғатындар, лас болған кезде шайындар. Сумен жұмыс кезінде еңбек дағдылары мен әдеттерін, ұқыптылығын дамыту.
	ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) "Жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту, маусымдық өзгерістерді талқылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын. «Мені қуып жетіндер»	Дидактикалық ойын. «Ата мен әжем». Міндеттер: Өзінің ата-әжесі туралы айтып береді. (сөйлеуді дамыту) «Шежіре ағашы» дидактикалық ойыны. Ойынның мақсаты. Шежіре ағашы ұғымын бекіту, отбасы мүшелерінің атауларын еске сақтауға ынталандыру. Шарты. Балалар отбасы мүшелерінің суреттерін орындарына орналастыра отырып, олардың әрқайсын атап, алдарындағы шежіре	"Керекті киімді тап" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды қысқы және жазғы киімдерді ажырата білуге баулу, зейінді, есте сақтауды және логикалық ойлауға тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту) "Отбасы" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды отбасылық қатынастарды көбейтуге және оларды шығармашылық тұрғыдан түсіндіруге шақыру;	"Менің үйім" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Бөлшектерден үй жасауды үйрету, оның неден тұратынын айту. (құрастыру) «Кімнің заттары» Міндеттер: жақын адамдарының заттарын анықтай алады. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мазайка және т.б..	«Дастарқан жаямыз» дидактикалық ойыны. Мақсаты. Сыртқы белгілері бойынша ыдыс-аяқтарды тануды, атауларын дұрыс айтуды, не үшін қажет екенін білуді үйрету. Ережесі. Балалар көрсетілген ыдыс түрлерін атайды (шайнек, кесе, қазан, мескей (тостаған), қасық). Балалар ыдыстың атауы не үшін қажет екенін қайталайды. Сөздердің дұрыс айтылуы мақталады. Барысы. – Балалар, Тарғыл мысық көп ыдыс-аяқ әкеліпті. Үстелге бір-бір (ойыншық) ыдыстан қою немесе паннодан (слайдта) көрсету.

	<p>Міндеттер: Жүгірген кезде қауіпсіздік ережесін сақтай алады. (дене шынықтыру)</p>	<p>ағашының сызбасын толтыруға тиісті. Педагог балалармен сөздік жұмысын жүргізеді. Шежіре ағашы, отбасы, ата, әже, әке, ана, ұл (Алан), қыз (Дана) сөздерін айтқызу. Балаларға отбасы мүшелерінің атауларын пысықтауға мүмкіндік береді. Ойынның соңында педагог балаларды мақтайды. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p>	<p>ересектердің іс-әрекетінің адамгершілік мағынасын ашу; өзара түсіністік сезімін, басқаларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Ойынға ұлдар да, қыздар да қатысады. Балалар отбасындағы ата-анасы немесе әжесі және басқа ересек туыстарының рөлін ойнайды. Балалардың рөлін қуыршақтар ойнайды. Біріншіден, барлығы бірге үй ортасын қалпына келтіруі керек. Жиһазды орналастыру, заттар қою, балалар кімнің қандай рөлдерді ойнайтыны туралы келісуі керек. Педагог осы процесті бақылап, жанжалды жағдайларды шешуге көмектесе алады. Ойынды босқа ойнамай, балаларды нақты жағдайларды шешуге ынталандыру: "Балаларды балабақшаға жинау"; "Демалыс күні"; "Үйдегі тазалық"; "Жөндейміз"; "Дастарқан басында" және тағы басқа. Ойын барысы балалар арасындағы қарым-қатынасты ғана емес, сонымен қатар еңбек элементтерін де қамтуы керек. Ойын алдында балаларға отбасылық күнделікті тақырыптағы ертегіні оқуға болады, содан кейін оны талқылап, ойын арқылы сипатталған жағдайда дұрыс мінез-құлық моделін көрсетуге</p>	<p>(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)</p>	
--	--	---	---	---	--

			болады. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)		
Ертеңгілік жаттығу	<p>Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға шақ келетін текшелермен)</p> <p>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде</p> <p>1.1. Балалар қолдарын алға созып, алақандарын ашып, текшелерін көрсетіп: "Міне!" дейді.</p> <p>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> <p>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, текше ұстаған қол көкірек тұсында</p> <p>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп: "Міне!", "Міне!" дейді.</p> <p>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).</p> <p>3. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене бос, қол төменде</p> <p>3.1. Жерге отырып, қолдарын алға созып "Міне!" дейді.</p> <p>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> <p>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, текше ұстаған қол көкірек тұсында</p> <p>4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарды көкірек тұсында ұстап, алақанды жұму.</p> <p>4.2. Бастапқы қалып алақан ашып "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене шынықтыру)</p>				
Таңғы ас	<p>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш, қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Қуанамыз, күлеміз, Бар әлемді сүйеміз. Қол ұстасып, қуанып, Достармен бір жүреміз. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Сөйлемді толықтыр" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Сөйлемдерді қарама-қарсы мағыналы сөзбен толықтыруды үйрету, зейінін дамыту. Барысы: педагог сөйлемді бастайды, ал балалар оны аяқтайды, олар тек қарама-қарсы мағынадағы сөздерді айтады. Мысалы: қант тәтті, ал бұрыш ... (ащы). (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Ол қандай?" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттері. Есту және есте сақтау қабілетін дамытуға ықпал ету. Барысы: заттың атын атап, баланы осы заттың қалай көрінетінін, қандай формада болатынын, содан кейін ол ұсынған барлық нәрселерді сипаттауды сұрайды. Мысалы: жұмыртқа сопақша пішінді, түсі ақ немесе қоңыр, шикі немесе қайнатылған, іші ақ және</p>	<p>"Бұл ненің жапырағы?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Өсімдікті жапырағынан тануды үйрету, зейінін дамыту. Барысы: ағаштардың жапырақтарын балаларға көрсетеді. Балалар жапырақтың қай ағашқа тиесілі екенін анықтайды. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Жәндіктер" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Жәндіктердің күзгі тіршілігі туралы ойларын нақтылау және кеңейту, жәндіктерді сын-сипатына қарай сипаттауға үйрету, барлық тіршілік иелеріне қамқорлыққа тәрбиелеу және зейінді дамыту. Барысы: балалар 2 топқа бөлінеді. Бірінші топ жәндіктерді сипаттайды, ал екіншісі оның қандай жәндік екенін табуы керек. Жұмбақтарды қолдануға болады. Содан кейін топтар ауысады. (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді</p>

			сары. Тек заттың белгілерін айтып қана қоймай, оның суретін де салдыруға болады. (сөйлеуді дамыту)		дамыту)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Бауырсақпен шеңберге тұру". Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберге тұруға үйрету; шеңберге өз еріктерімен тұру қабілетін қалыптастыру; ұзындыққа екі аяғымен секіру және бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты қақпаға дәлдеп домалату дағдысын жетілдіру; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларына үйрету.	Дене шынықтыру "Шеңберге өз еркімізмен тұрамыз" Мақсат-міндеттері. Балаларды музыка әуенімен бірінің артынан бірі шеңбер жасап жүруге, педагогтің белгісі бойынша аяқтың ұшымен жүру және баяу жүдруден кейін, жылдам ойнаған музыка әуенімен жүгіру, жүгіріп келе жатып жай жүріске түсу, тізені жоғары көтеріп, денелерін тік ұстап жүру іскерліктерін дамыту; екі аяғымен ұзындыққа секіру және екі топ бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты қақпаға дәлдеп домалату іскерліктерін жетілдіру; қимыл ойыны арқылы допты белгілі бір бағытта домалату іскерліктерін бекіту.	Музыка "Әлди-әлди" Мақсат-міндеттері. Балаларды әнді тыңдай отырып, сын-сипатын ажырата білуге үйрету; жәй және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен музыкалық ырғақтық қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; отбасы туралы ұғымдарын кеңейту.	Дене шынықтыру "Әдемі шеңбер жасайық" Мақсат-міндеттері. Балаларды ұзындыққа екі аяғымен секіру және бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты қақпаға дәлдеп домалату техникасын бекіту, ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау, қимылды ойын арқылы допты гимнастикалық шеңберге кіргізу іскерліктерін жетілдіру.	Қазақ тілі "Үй жануарлары және оның төлдері". Мақсат-міндеттері. Қазақ тілін тыңдауды, түсінді, қабылдауды үйрету. Балаларды өздеріне таныс ертегіні айтып беруге ынталандыру. Жұрнақтар мен жалғауларды дұрыс қолдануды үйрету, жануарларды атау және төлдерінің аттарын, қарама-қарсы мағыналы сөздерді (үлкен - кіші) ажырата білу дағдыларын қалыптастыру.
2- таңғы ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз) Мақсат-міндеттері: өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдыңа Тауысып іш, қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.				
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (дербес әрекет)				
Серуен	Суды бағдарлау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	Аспан мен бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	Құстарды бақылау. Мақсат-міндеттері. Күздегі құстардың тіршілігі туралы	Ағаштар мен бұталарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді	Суды бағдарлау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Судың

	<p>Мақсат-міндеттері. Судың қасиеттерін тануға қызығушылықтарын дамыту; ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Педагог балаларға пластик стакандарға құйылған суды бояуға мүмкіндік береді; судың кез келген бояуларға боялу қасиеттерін бақылап, ойларымен бөліседі. "Мысық пен тышқандар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай қимылдауға, берілген рөлдерді атқаруға, шартты бұзбауға бейімдеу; қимыл-қозғалыс координациясын, кеңістікті бағдарлауды дамыту; жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойынға жүргізуші бала "мысық" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар - "тышқандар". "Мысық" алаңның бір шетінде ұйықтаған болып отырады. "Тышқандар" алаңның екінші жағынан тақпақ сөздерін айтып, тышқандардың қимылына еліктеп, "мысыққа" қарай жүреді. Тышқан шықты інінен, "Сағат неше болды?"- деп, Бауды тартып қалып еді, Дүңгірлейді барлық жер. Тышқан қорқып қайтадан, Кіріп кетті ініне. Соңғы сөздерді естіген</p>	<p>Мақсат-міндеттері. Аспанның ашық не бұлтты болғанын, бұлттардың аспанда ұшатынын байқауға бейімдеу; зияткерлікке тәрбиелеу. Әртүрлі табиғи құбылыстармен танысуды жалғастыру. Күн райының қандай екенін ажыратуды үйрету (ашық, бұлтты бұлттар, жаңбыр). "Қимыл ойлап табу" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Ой-қиялды, вестибуляр аппаратын дамыту. Балалар шеңберде тұрады. Тәрбиеші ойыншылардың біреуін ойын бастаушы етіп белгілейді. Ол шеңбердің ортасында тұрады. Балалар тәрбиешінің көрсетуі бойынша мына мәтінді айтып, оңға немесе солға жүреді. Әдемі шеңберде, Билейік кең жерде. Қол ұстасып, Бәріміз жұптасып. Бәріміз достасып, Бір орында тұрысып, Осылай етіп істейік. Мәтінді айтып бітер кезде балалар қолсызым қашықтықта тұрады. Ойын бастаушы қандай да бір қимылды көрсетеді, шеңбер жасап тұрғандардың бәрі оны қайталайды. Содан соң тәрбиеші ойын бастаушысын ауыстырады</p>	<p>түсініктерді толықтыру; құстарға сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Аспаннан жаңадан ұшып келген құстарды байқау, атау ерекшеліктерін салыстыру. "Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны басқарушы етіп сайлайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "- шығалар" немесе "- лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді.</p>	<p>дамыту) Мақсат-міндеттері. Ағаштар мен бұталардың тірі табиғат екені туралы білімдерін бекіту, табиғатты қорғауға тәрбиелеу. Ағаштар қыста қалай қыстап шыққанын тексеру. Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды. - Балалар, ағаштарға қарап, қандай екенін айтуға болады? - Тағы қандай өзгерістер болады? - Ағаштар ауаның ластанудан тазалайды. Адамдар ағаштарды көп отырғызады. «Өз ағашыңды тап» қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Табиғатты аялауға тәрбиелеу; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру; зерек болуға тәрбиелеу. "Допты қуып жетіндер!" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың доп ойындарына қызығушылықтарын арттыру; допты тура бағытта домалатып, оны қуып жетуге дағдыландыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; достыққа тәрбиелеу.</p>	<p>қасиеттерін тануға қызығушылықтарын дамыту; ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Педагог балаларға пластик стакандарға құйылған суды бояуға мүмкіндік береді; судың кез келген бояуларға боялу қасиеттерін бақылап, ойларымен бөліседі. "Мысық пен тышқандар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай қимылдауға, берілген рөлдерді атқаруға, шартты бұзбауға бейімдеу; қимыл-қозғалыс координациясын, кеңістікті бағдарлауды дамыту; жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойынға жүргізуші бала "мысық" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар - "тышқандар". "Мысық" алаңның бір шетінде ұйықтаған болып отырады. "Тышқандар" алаңның екінші жағынан тақпақ сөздерін айтып, тышқандардың қимылына еліктеп, "мысыққа" қарай жүреді. Тышқан шықты інінен, "Сағат неше болды?"- деп, Бауды тартып қалып еді, Дүңгірлейді барлық жер. Тышқан қорқып қайтадан, Кіріп кетті ініне. Соңғы сөздерді естіген "мысық" "тышқандарға" қарай жүгіріп, оларды қуалап, оларды ұстап алмақшы болады. "Ұстап ал"у - балаға қолды ақырын тигізу болып саналады. Ұсталғандар келесі айналымға қатыспайды. Ойынның соңында балалар "мысық" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойын жүргізушісің</p>
--	---	---	--	--	---

	<p>"мысық" "тышқандарға" қарай жүгіріп, оларды қуалап, оларды ұстап алмақшы болады. "Ұстап алу" - балаға қолды ақырын тигізу болып саналады. Ұсталғандар келесі айналымға қатыспайды. Ойынның соңында балалар "мысық" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойын жүргізушісін ауыстырып, тағы бір ойнатуға болады. "Түзу жолмен" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Биік емес бөрене үстімен жүріп, екі аяқты бүгіп секіруді үйрету. Еңбек әрекеті: өскіндерді суару.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларда қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру. Балалардың еркін ойындары.</p>	<p>немесе ойын бастаушы өзінің орнына біреуді таңдайды және ойынды жалғастыра береді. "Бағбан мен гүлдер" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Ептілік пен шапшаңдықты дамыту, алаңның қарсы бөлігіне қуғыншыдан қашуды үйрену.</p> <p>Дене тәрбиесі бойынша жекелей жұмыс: кеңістікті бағдарлауға арналған жаттығулар.</p> <p>Еңбек әрекеті: ойын алаңын ағаштардан түскен ұсақ бұта, жапырақтардан тазалау.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары.</p>	<p>Құралдары: екі түрлі таңбалауыштар (қаршығалар мен қарлығаштар). Еңбек әрекеті: құмды құмсалғышқа шеттерінен ішке қарай сыпырып жинау.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды тазалыққа тәрбиелеу.</p> <p>"Себетке допты лақтыр" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды доп ойындарына тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу.</p> <p>Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топ ортасында себет тұрады.</p> <p>Балалар допты жерге лақтырғанда, оны секіртіп, себетке түсіру керек.</p> <p>Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді.</p> <p>Құралдары: себеттер мен доптар.</p> <p>"Құстар" туралы ертегі айту.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Бақылау кезінде құстарды бақылай отырып, елесту арқылы қиялдарын дамыту. (көркем әдебиет)</p>	<p>Педагог балаларды екі топқа бөліп, түзу сызықтың бойына тұрғызып, қай баланың атын атайды, сол бала педагог домалатып жіберген допты тез қуып жетіп, келесі кезекте тұрған балаға береді. 2-3 балаға дейін атап шақыруға болады.</p> <p>Еңбек әрекеті: өскіндерді суару.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларда қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру. Балалардың еркін ойындары.</p>	<p>ауыстырып, тағы бір ойнатуға болады.</p> <p>"Түзу жолмен" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Биік емес бөрене үстімен жүріп, екі аяқты бүгіп секіруді үйрету.</p> <p>Еңбек әрекеті: өскіндерді суару.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларда қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру. Балалардың еркін ойындары.</p>
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)				
	Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту.				
	Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдыңа				

	Тауысып іш, қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.				
Түскі ұйқы	Әуен ырғағына қызығушылық танытады. Баяу әуенмен ұйықтату. (музыка)	Міндеттер. Ертегіні елестете алады. "Алтын балық" ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)	Ертегінің желісіне қызығушылық танытады. "Ертөстік" ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)	Ертегі желісін есте сақтайды. "Із кесуші Дуда" ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)	Әуен ырғағына қызығушылық танытады. Баяу әуенмен ұйықтату. (музыка)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Енді оянындар, төсектен тұрындар. (дене шынықтыру, дербес әрекет) Әдемі ирек жолдармен, Лақтай ойнақтап, Тастан-тасқа секіріп, Жалаң аяқ жүреміз. Табанымызды уқалаймыз.				
Бесін ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш, қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Математика негіздерінен ойын-жаттығу. "Күн тәртібі". Мақсат-міндеттері. Балаларға тәулік бөліктері жөнінде түсініктер беру; "таңертең", "күндіз", "кеш", "түн" ұғымдарын қалыптастыру; күн тәртібін пысықтау; "үлкен - кішкентай", "бір-бірден", "жоғары-төмен" ұғымдарын пысықтау. Сюжетті-рөлдік ойын "Қуыршақты тамақтандыр". Мақсат-міндеттері. Ірі құрылыс материалдарымен, құрастырғыштармен ойындар ұйымдастыру. (сөйлеуді дамыту, құрастыру)	Құрастырудан ойын-жаттығу. "Достарға саты". Мақсат-міндеттері. Балаларды құрылыс материалы текше туралы түсініктерін арттыру; текшенің қасиеттері жөнінде алған білімдерін іс-тәжірибеде, ойын барысында жетілдіру; екі текшеден құрылған екі бағанды бірі-біріне қосып, тіреп, екі жақтан бір текшеден тағы да тіреп қойып, жасалған сатының қырлары мен бұрыштарын қолмен түзеп отыруды үйрету. "Қимылдарды ұқсат"	Сурет салудан ойын-жаттығу. "Жаңбырда өскен саңырауқұлақ". Мақсат-міндеттері. Балаларды қарындаш арқылы саңырауқұлақ пен жауып жатқан жаңбыр тамшыларын салуды үйрету; композиция жөнінде түсінік беру; саңырауқұлақтың жаңбырдан кейін едәуір жылдам өсетіні туралы ұғымдар қалыптастыру. Саусақ жаттығуы. "Жаңбыр жауса - тұрмайық". (сөйлеуді дамыту) Жаңбыр жауса – тұрмайық, (саусақтармен үстелге соққылау, сұқ саусақты	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу. "Күзгі бақ" Мақсат-міндеттері. Балаларды балабақша ауласындағы күзгі бақпен таныстыра отырып, күздің қарапайым өзгерістері мен ерекшеліктерін бақылауды үйрету. Дидактикалық ойын: "Жапырақтарды түсіне қарай топта". Мақсат-міндеттері. Екі топқа әуен біткенше жапырақтарды түстеріне қарай топтауды үйрету. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту) "Үйдің есігін жабайық"	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу. "Күн" мен "түн" суреттері бойынша әңгімелесу. Мақсат-міндеттері. Балаларға тәулік бөліктері - күн мен түн құбылыстары туралы, олардың табиғат пен адам өміріне пайдасы туралы әңгімелеу; түрлі сөздік ойындарда ересектің соңынан сөздер мен сөз тіркестерін қайталап, айтқанын қимылдармен сүйемелдеуді үйрету. Сөздік жаттығу. "Есімде не қалды?" Мақсат-міндеттері. Паннода немесе үстел үстінде тұрған ойыншықтардың атауын қазақ тілінде атайды. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) Вариативті компонент/Шығармашылық

	<p>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Қалпақты өсімдіктер" Мақсат-міндеттер. Балалардың жеуге жарамды және жарамсыз саңырауқұлақтар туралы түсініктерін қалыптастыру; жаңбырдан кейін саңырауқұлақтың пайда болуы мен үлкен болып өсуінің әсері жайлы білімдерін кеңейту; тіршілік қауіпсіздігін сақтауға үйрету; табиғат әлемі туралы түсінік беру.</p>	<p>театрландырылған ойын. Мақсат-міндеттері. Театрландырылған ойын арқылы балалардың сөздік қорын, есте сақтау қабілетін дамыту. Педагог: - Балалар, кіп-кішкентай балалар қалай жүреді? (Балалар аяқтың арасын сәл ғана ашып, адымдап жүреді. Кейін аяқтарының арасын үлкенірек ашып, адымдап жүреді.) - Қарт аталар қалай жүреді? - Ханшайым қалай жүреді? - Тоқаш қалай домалайды? - Сұр қасқыр орманда қалай серуендейді? - Қоян құлақтарын тегістеп қалай қашады? (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>бұлғау) Қолға шатыр алайық. (шапалақтау) Там-там – соқса тамшылар, (саусақтармен үстелдің бетін соққылау) Жамылып отырайық. (алақандармен бас төбесін жабу) "Үй құрылысының ретін көрсет" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Түстерді ажыратуды жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процестерін дамыту. (кұрастыру, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Заттарды өлшемі бойынша салыстыруды, жуан және жіңішке заттарды ажыратуды жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері) Қазақтың ұлттық ойыны. "Тақия тастамақ". Мақсат-міндеттері. Бұл ойын балаларды жылдамдыққа, сезгіштікке, сақтыққа, тапқырлыққа үйретеді. Барысы. Балалар дөңгелене шеңбер құрып отырады. Балалардың арасынан бір бала таңдалады да қалғандары көздерін жұмып отырады. Таңдалған бала дөңгеленіп отырған балалардың сырт жағымен ақырын жүріп, бір баланың артына тақияны білдірмей тастап кетеді. Тәрбиешінің белгісінен кейін балалар көздерін ашады. Жан жағына жылдам қарап, тақияның өзінде екенін білсе, жылдам орнынан тұруы керек. Егер орнынан дер кезінде тұра алмаса, онда өз өнерін көрсетеді. Тақпақ, өлең, би және тағы басқа. Орнынан тез тұрып үлгірген балаға ұлттық ою өрнек бейнесі беріледі. Көп ою жинаған бала жеңімпаз болады.</p>	<p>"Бақа". Мақсат-міндеттері. Балаларға бақа туралы ұғым беру; бақа денесінің құрылымы туралы білімдерін кеңейту; табиғат әлеміндегі бақаның тіршілік ортасы туралы мағлұмат беру; бақаны қағаз бетіне жапсырудың тәсілдеріне дағдыландыру. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) "Сикырлы қапшық" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыру және топтастыруды үйрету. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері)</p>
--	--	--	--	---	---

				Ойын ережесі. Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, жан-жағына қарауға болмайды. Бір-бірін итеруге болмайды. (дене шынықтыру)	
Балалармен жеке жұмыс	Апта күндерін жаттау. Мақсат-міндеттері. Апта тақырыбына байланысты тақпақтар жаттау. (сөйлеуді дамыту)	"Табиғат әлемі" тақырыбында сюжетті суреттерге әңгіме құрастыру. Мақсат-міндеттері. "Табиғат әлемі" тақырыбында сюжетті суреттерді қарастыру. (сөйлеуді дамыту)	"Күзде" тақпақ айтқызу. Ескен Елубаев "Күзде". Қайтқан құсты көрдің бе, Қаптай ұшқан әуелеп? Күткен күзім келдің бе, Сыңсып бағың мәуелеп? Қамба толды астыққа, Алғыс саған, алтын күз! Бір уыс дән шаштық та, Арба қауын алдық біз! (сөйлеуді дамыту)	"Күз" туралы сюжетті суреттерге әңгіме құрау. Мақсат-міндеттері. "Күз" тақырыбында сюжетті суреттер көрсету. Сұрақтар қою. Балалардан сұрақтарға толық жауапты талап ету. (сөйлеуді дамыту)	Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелесу. Мақсат-міндеттері. Күз мезгілінде болатын табиғат ерекшеліктеріне байланысты жұмбақтар шешу. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (дербес әрекет)				
Серуен	Желді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. "Жел" ұғымын бекіту; табиғи құбылыстарға қызығушылықты арттыру. Желді күні қандай өзгерістер болатынына назар аудару. Балалар жалауларға қарап, желдің қай жаққа соғатынын бақылайды. Жел соғады бетімізге, Тербеледі ағаштар. Тып-тыныш отырындар, Биік-биік ағаштар. "Жел көбік" ойыны. (сөйлеуді дамыту, көркем сөз)	Аспан мен бұлттарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: аспанның ашық не бұлтты болғанын, бұлттардың аспанда ұшатынын байқауға бейімдеу; зияткерлікке тәрбиелеу. Әр түрлі табиғи құбылыстармен танысуды жалғастыру. Ауа-райының қандай екенін ажыратуға үйрету (ашық, бұлтты бұлттар, жаңбыр). "Қимыл ойлап табу" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз) Мақсат-міндеттер: ой-	Құстарды бақылауды жалғастыру. Мақсат-міндеттер: күздегі құстардың тіршілігі туралы түсініктерді толықтыру; құстарға деген сүйіспеншілік пен қамқорлықты тәрбиелеу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Аспандағы жаңадан ұшып келген құстарды байқау, атау, ерекшеліктерін салыстыру. "Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша	Ағаштар мен бұталарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: ағаштар мен бұталардың тірі табиғат екені туралы білімдерін бекіту, табиғатты қорғауға тәрбиелеу. Ағаштар қыста қалай қыстап шыққандығын тексеру. Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды. - Балалар, ағаштарға қарап, қандай екенін айтуға болады? - Тағы қандай өзгерістер болады?	Суды бағдарлауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: судың қасиеттерін тануға деген ынталарын дамыту; іздемпаздыққа тәрбиелеу. Педагог балаларға пластик стакандарға құйылған суды бояуға мүмкіндіктер береді; судың кез келген бояуларға боялу қасиеттерін бақылап, ойларымен бөліседі. "Мысық пен тышқандар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай қимылдауға, берілген рөлдерді атқаруға, шартты бұзбауға бейімдеу; қимыл-қозғалыс координациясын, кеңістікті бағдарлауды дамыту; жылдамдыққа,

	<p>Мақсат-міндеттері. Шеңберде ойнай білу қабілетін, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, бір-біріне жақын жерге дөңгеленіп тұрады. Тәрбиешіге қосылып мына өлеңді айтады. Көпіре гөр көбік-шар, Көпіре гөр кеңіп шар. Осы күйі қал тұрып, Кете көрме жарылып. Өлеңді айта жүріп, балалар шеңберді кеңейте түседі. Тәрбиеші: "Жел көбік жарылды," - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бар дауыстарымен "Тарс етті!" - дейді де, тізерлеп отырады. Тәрбиеші көбікті жаңадан үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрып, қайтадан шеңберге тұрады, ойын қайтадан басталады. "Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың ойын шарттарына сай ойнауын, "Мен түлкі!" сигналы бойынша қолға түспей, үлкен шеңберден асып жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); байқағыштыққа, жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Балалар кішкентай шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші</p>	<p>қиялды, вестибуляр аппаратын дамыту. Балалар шеңберде тұрады. Тәрбиеші ойыншылардың біреуін ойын бастаушы етіп белгілейді. Ол шеңбердің ортасында тұрады. Балалар тәрбиешінің көрсетуі бойынша мына мәтін сөзін айтып, оңға немесе солға жүреді. Әдемі шеңберде, Билейік кең жерде. Қолдармен ұстасып, Біріміз жұптасып. Бірігіп достасып, Бір орында ұстасып, Осылай етіп істейік. Мәтінді айтып бітер кезде балалар қол созым қашықтықта тұрады. Ойын бастаушы қандай болмасын бір қимыл көрсетеді, шеңбер жасап тұрғандардың бәрі оны қайталайды. Содан соң тәрбиеші ойын бастаушыны ауыстырады немесе ойын бастаушы өзінің орнына біреуді таңдайды және ойынды жалғастыра береді. "Бағбан мен гүлдер" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: ептілік пен шапшаңдықты дамыту, алаңның қарсы бөлігіне қуғыншыдан асқан ептілікпен қашып өтуге үйрену. Дене тәрбиесі бойынша жекелей жұмыс: кеңістікті бағдарлауға арналған жаттығулар.</p>	<p>ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны басқарушы етіп сайлайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "- шығалар" немесе "- лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді. Құралдары: екі түрлі медальондар: қаршығалар мен қарлығаштар. Еңбек әрекеті: құмды құмсалғышқа шеттерінен ішке қарай сыпырып жинау. Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа тәрбиелеу. "Себетке допты лақтыр" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке,</p>	<p>- Ағаштар ауаның ластануынан ауаны тазалайды. Сондықтан адамдар ағаштарды көп отырғызады. «Өз ағашыңды тап» қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: табиғатты аялауға тәрбиелеу; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру; зерек болуға тәрбиелеу. "Допты қуып жетіндер!" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балалардың доппен ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру; допты тура бағытта домалатып, оны қуып жете білуге дағдыландыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; достыққа тәрбиелеу. Педагог балаларды екі топқа бөліп, түзу сызықтың бойына тұрғызып, қай баланың атын атайды, сол бала педагог домалатып жіберген допты тез қуып жетіп, келесі кезекте тұрған балаға береді. 2-3 балаға дейін атап шақыруға болады. Еңбек әрекеті: өскіндері суару. Мақсат-міндеттер: балаларда қарапайым</p>	<p>шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойынға жүргізуші бала "мысық" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар - "тышқандар". "Мысық" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. "Тышқандар" алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, тышқандардың қимылына еліктеп, "мысыққа" қарай жүреді. Тышқан шықты інінен, "Сағат неше болды?"- деп, Бауды тартып қалып еді, Дүңгірлейді барлық жер. Тышқан қорқып қайтадан, Кіріп кетті ініне. Соңғы сөздерді естіген "мысық" "тышқандарға" қарай жүгіріп, қуалап, оларды ұстап алмақшы болады. Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады. Ұсталғандар келесі айналымға қатыспайды. Ойынның соңында балалар "мысық" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір ойнатуға болады. "Түзу жолмен" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: Биік емес бөрене үстімен жүріп, екі аяқты бүге отыра секіруге үйрету. Еңбек әрекеті: өскіндері суару. Мақсат-міндеттер: балаларда қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру. Балалардың еркін ойындары.</p>
--	--	--	---	--	---

	<p>(педагог) балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан кейін педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы балалар жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады. "Түзу жолмен" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Биік емес бөрене үстімен жүріп, екі аяқты бүгіп секіруді үйрету. Еңбек әрекеті: ойын алаңын ағаштардан түскен ұсақ бұта, жапырақтардан тазалау. Мақсаты: балаларды тазалыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Еңбек әрекеті: ойын алаңын ағаштардан түскен ұсақ бұта, жапырақтардан тазалау. Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары.</p>	<p>мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу. Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топ ортасында себет тұрады. Балалар допты жерге лақтырған кезде, секіріп себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді. Құралдары: спорттық құралдарды жинауға арналған себеп, балаларға доптар. "Құстар" туралы ертегі айту. Мақсат-міндеттер. Бақылау кезінде құстарды бақылай отырып, елесту арқылы қиялдарын дамыту. (көркем әдебиет)</p>	<p>еңбек дағдыларын қалыптастыру. Балалардың еркін ойындары.</p>	
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	<p>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарм-қатынас негіздерін дамыту.</p> <p>Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш, қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.</p>				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Балалардың өздері құрастырған ертегісін тыңдау. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар.</p>				

<p>ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>"Оркестр" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға музыкалық аспаптар мен олардың дыбыстарын анықтауды үйрету. Құрал-жабдықтар: барабан, сыбызғы, қоңырау, шымылдық. Тәрбиеші музыкалық аспаптармен таныстырады, содан кейін аспаптарды шымылдықтың артына тығады. Аспаптардың бірінде ойнап, балалардан қай аспаптың дыбысы екенін айтуды сұрайды. Қай бала дұрыс табады, сол бала аспапты алып, сол аспапта ойнайды. (музыка) Логикалық ойындар. (математика негіздері) Еркін рөлдік ойындар. (мүсіндеу, құрастыру, сурет салу, жапсыру) "Кімнің үйі тезірек жиналады» ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың геометриялық пішіндер туралы түсініктерін бекіту, олардың атауларын айтқызу. Балаларға геометриялық пішіндер таратылады. Бөлменің әртүрлі бұрыштарындағы үш шығыршықтың шеңбер, шаршы, үшбұрыш пішіндері жатыр. Бұл үйде барлығы шеңберлер, бұл жерде барлығы шаршылар, бұл жерде барлығы үшбұрыштар. Барлығы өз үйлерін тапқанда балалар топпен серуендеуге шығады. Тәрбиешінің белгісі бойынша барлығы геометриялық пішінін үйдегіден салыстыра отырып, өз үйін табады. Ойын бірнеше рет қайталанады, ал тәрбиеші әрдайым үйлерді ауыстырады. (математика негіздері, құрастыру, сөйлеуді дамыту)</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</p>	<p>Ата-аналарға кеңес: "Бала жиі ашуланатын болса"; "Баланың белсенділігі - денсаулығының кепілі"; Психолог кеңесі."Баланы ұрып тәрбиелеуге бола ма?"</p>

18.09 - 22.09.2023ж

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Педагогтің ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беруі; мектепке дейінгі мекеменің тәртіп ережелері жайлы ақпарат беру; балаларды мәдени-гигиеналық ережелермен таныстыру; балаларға қолайлы орта туғызу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Кезекшінің міндеттерін өз бетінше және адал түрде орындауға; қолды мұқият жууға, кезекшінің киімін киіп, дастарқанды дұрыс жаюға, тамақ ішкеннен кейін ыдыстарды жинау, үстелдерді тазалау, еденді сыпыруға үйрету, үлгі көрсету.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің басында керекті құрал-жабдықтарды ретімен қою, аяғында құрал-жабдықтарды орнына жинауды үйрету.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды жұмысқа кірісер алдында жұмыс алжапқыштарын киюді, ойыншықтарды ретімен ұстау: жуу, кептіру, сұрту және орнына қоюды үйрету.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды жеке шкафта тәртіпті сақтауды үйрету: киім мен аяқ киімнің шкафын босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сұрту, киімді орнына жинап қою іскерліктерін дамыту.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларға қуыршақтың киімдері мен төсек жабдықтарын жуу кезінде педагогке көмектесуге үйрету.
	ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) "Қапшықта не бар?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың сипап-сезу қабілеттерін дамыту, сөйлеуді дамыту, балалардың сөздік қорын байыту. Құрал-жабдықтар: жануар ойыншықтар. Ойын барысы. Тәрбиеші кез келген балаға көздерін жұмуды немесе жабуды сұрайды,	"Үйшікте кім тұрады?" үстел ойыны. ("Үйшік" ертегісі желісімен") Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын байыту, есте сақтау қабілетін дамыту. Барысы. Педагог үйшік терезесінен ертегі кейіпкерлерінің суреттері бар суреттерді көрсетеді, балалар оларды атайды. (көркем әдебиет) "Мұқият бол" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Мұқияттылыққа, достыққа	"Айырмашылығын тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға жануарлардың немесе жансыз табиғаттың суреттерін көрсетіп, айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету; ақыл-ойларын дамыту; шыдамдылыққа, досының жауабын тыңдай білуге дағдыландыру. (қоршаған орта, сөйлеуді дамыту) "Кел, санайық санамақ" саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды қимылдарды мәтін	"Аюға ойыншықтарымызды көрсетеміз" ойыны. Мақсат-міндеттері. Ойыншықтардың атауын қазақ тілінде дұрыс атауды үйрету, ойыншыққа ұқыпты қарауға тәрбиелеу, ұқыпты ойнауды үйрету. Құрал-жабдықтар: әртүрлі ойыншықтар. Тәрбиеші ойыншықтарды қояды, аю балаларға қонаққа келеді. Педагог оған ойыншықтарды көрсету керектігін айтады. Балалар сүйікті ойыншығын алып, қонаққа көрсетіп, ол туралы айтып береді. (қазақ	Үстел үсті ойыны. "Суретті құрастыр". Мақсат-міндеттері. Жануарлардың бөлшектенген суреттерінен тұтас бір бөлікті құрастыруды үйрету, балалардың қабылдауын және байқағыштығын дамыту. (сөйлеуді дамыту) "Суретті тап" ойыны. (топпен жұмыс) Мақсат-міндеттері. Есте сақтау, зейінді дамыту. Балаларға суретті белгілі уақыт көлемінде көрсету. Одан кейін балалардың көздерін жұмып, көптеген суреттердің ішінен

	<p>қапшыққа балаларға таныс жануар ойыншықтарды салады. Басқа ойыншылар тәрбиешінің не салғанын көреді, бірақ үндемеуі керек. Олар көзі жұмулы досына жасырынған жануар ойыншықты сипаттап берулері тиіс. Бала қолын қапшыққа салып, ойыншықты сипап, оны табуы қажет. Егер ойыншық дұрыс аталса, бала оны өзіне алады, егер жоқ болса, оны қалдырады. Басқа балалар кезекпен ойнайды. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p> <p>"Кім не жейді?" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Жануарлардың атаулары және олар не жейтіні туралы балалардың білімдерін нақтылау, бақылау мен зейінді дамыту. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>тәрбиелеу. Балалар бір-бірінің артынан айналып, шеңберге жасап тұрады. Тәрбиеші шеңбердің жанында тұрады, оны барлық балалар көреді. Оның қолында 3 сурет: жануар, тастар және құстар. Тәрбиешінің белгісі бойынша (ысқырық) балалар бір-бірінен кейін шеңбер бойымен қозғала бастайды. Педагог кезекпен суреттері бар карточкаларды көрсетеді. 1. Жануарлар карточкасын көрсеткенде балалар қолдарын сермеп, шеңбер бойымен баяу жүгіреді. 2. Тастарды көрсеткенде балалар тізелерін күшәқтап отырады. 3. Құстарды көрсеткенде балалар бір орында тұрады да, қолдарын жоғары көтеріп, қолдарын жан-жаққа тербеледі. Қателескен бала ойыннан шығып қалады. (қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)</p>	<p>жолдарының ырғағына сай орындауға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Кел, санайық санамақ, Саусақтарды даралап. Бас бармағым алғашқы, Балаң үйрек жалғасы. Ортан терек атасы, Шылдыр шүмек анасы. Шынашағым балапан Бәріне ортақ алақан. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Дидактикалық ойын "Аңшы мен бақташы" Міндеттер: жабайы аңдар мен үй жануарларын топтастыруға алады. (қоршаған ортамен таныстыру)</p>	<p>тілі, сөйлеуді дамыту) "Қонжық орманда жүреді" қимыл жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларға жаттығу сөздерін айта жүріп, мәтінге сай қимыл-қозғалыстарды жасауға дағдыландыру; артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту. Қонжық орманда жүреді, (екі аяқ иық енінде, қол белде) Маймандайды, теңселеді. (маймандау, қонжық жүрісіне еліктеу) Маймандайды, теңселеді, Тәтті жидекті тереді. (шоқайып отыру, саусақтармен еденді соққылау)</p> <p>Ағаштарға өрмелейді, (екі қол кеуде алдында бүгулі; қолды көтеріп-түсіру, аяқтарды бүгу, кезекпен көтеріп-түсіру) "Бал бересің бе?" - деп сұрайды. (екі алақанды қосып үйкелеу) "Бал бересің бе?" - деп сұрайды. Жерге түсіп маймандайды. (маймандап жүру) Д. Ахметова (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)</p>	<p>бірінші қараған суретін тауып алып, қазақ тілінде атау керектігін айту. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p> <p>"Кірпіжан" жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды диалогқа белсенді қатысып, көркем сөз айтуға бейімдеу; сөйлеу қабілеттірен дамыту. Кірпіжан, кірпіжан, Қайда жортып барасың? Орманнан, орманнан Нені іздеп аларсың?</p> <p>Жолым көп, жолым көп, Қоректерді іздеймін. Кездейсоқ, кездейсоқ Иіскеп жүріп, табамын. Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту, көркем сөз)</p>
<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p>Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға шақ келетін текшелермен) 1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде 1.1. Балалар қолдарын алға созып, алақандарын ашып, текшелерін көрсетіп: "Міне!" дейді.</p>				

	<p>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> <p>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, текше ұстаған қол көкірек тұсында</p> <p>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп: "Міне!", "Міне!" дейді.</p> <p>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).</p> <p>3. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене бос, қол төменде</p> <p>3.1. Жерге отырып, қолдарын алға созып "Міне!" дейді.</p> <p>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> <p>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, текше ұстаған қол көкірек тұсында</p> <p>4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарды көкірек тұсында ұстап, алақанды жұму.</p> <p>4.2. Бастапқы қалып алақан ашып "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене шынықтыру)</p>				
Таңғы ас	<p>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. (сөйлеуді дамыту, көркем сөз, мәдени-гигиеналық дағдылар)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту.</p> <p>Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдыға Тауысып іш, қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>"Кім көп атайды?" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Қаланың көрнекті жерлеріне мағынасы жағынан сәйкес сөздерді таңдау қабілетін дамыту.</p> <p>Барысы: Астана - мемлекетіміздің астанасы. Біздің Астанмыз әдемі, үлкен қала. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Өз үйінді тап" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Өз қаласы туралы, ондағы үйдің орны, әртүрлі ғимараттар туралы білімді қалыптастыру; балалардың зейінділігін, байқағыштығын, бірнеше адамның арасынан өз үйін таба білу қабілетін дамыту; балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, сөйлеу қабілеті; балалардың туған жеріне қызығушылығын арттыру.</p> <p>Барысы: балаларға бірнеше ғимараттан тұратын суреттер ұсынылады, олар өз үйлерін тауып, жауап іздеуі керек. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Қаладағы жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсаты-міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту; жыл мезгілдері туралы сипаттамалық әңгімелер құрастыру кезінде толық сөйлемдермен сөйлеуін дамыту; бақылау, көрнекі зейін, есте сақтау қабілетін дамыту; туған қаланың табиғатына қызығушылықты тәрбиелеу.</p> <p>Барысы: лото түріндегі ойын, бала белгілі бір маусымға қатысты суретті алады және сол жыл мезгілін сипаттап береді. Суреттерді таңдау кезінде педагог маусым туралы әңгіме құрастыруды ұсына отырып, тапсырманы қиындата алады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен</p>	<p>"Суретті құрастыр" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балалардың туған жер туралы білімдерін бекіту, Отансүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p>Барысы: педагог балалармен бірге қаланың көрікті жерлерін бейнелейтін суреттерді қарайды. Ойын ережелерін түсіндіре отырып, педагог бүкіл суретті бөлек бөліктерден қалай құрастыруға болатыны туралы бұрыннан белгілі ережені еске түсіреді.</p> <p>Ойыншылардың санына сәйкес суреттерді таратады.</p> <p>Педагог балаларға "Бастаймыз!" белгісін береді. Балаларды ойынға дайындайды. Балалар бөліктерден сурет</p>	<p>Шаттық шеңбері</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Күн шуағын жинаймын. Достарыма сыйлаймын. Күн жылуды аямасын, Шуағымен аяласын. Достық деген бәйтеректі Барлық бала саяласын. (сөйлеуді дамыту)</p>

			танысу)	құрастырады. Кім суретті бірінші құрайды, сол балаларға таңбалауыштар таратылады. (сөйлеуді дамыту)	
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Епсіз қонжық" Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі сап түзеп, аяқтың ұшымен жүруді үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін қалыптастыру; қиғаш тақтайдың үстімен жүру және бір бағытта еңбектеу дағдысына үйрету; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын жетілдіру.	Дене шынықтыру "Аяқтың ұшымен жүрейік". Мақсат-міндеттері. Балаларды биік қиғаш тақтайдың үстімен жүру және бір бағытта еңбектеу техникаларын жетілдіру; ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау. Пысықтау ойыны арқылы заттарды көлеміне қарай сәйкестендіру іскерліктерін дамыту.	Музыка "Жанбыр". Мақсат-міндеттері. Балалардың жәй және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық ырғақты қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту мен қабылдау қабілетін дамыту; музыкалық аспапта ойнауды үйрету. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық мәдениетін, ұйымдастырылған іс-әрекетке қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыруды пысықтау. "Тамшылар мен жауын" дидактикалық ойын. Мақсат-міндеттері. Балаларды ұзақ не қысқа дыбыстарды білуге үйрету. Әуеннің ритмін сезінуге баулу.	Дене шынықтыру "Тақтайдың үстімен бірге жүрейік". Мақсат-міндеттері. Балаларды музыка әуенімен бірінің артынан бірі шеңбер жасап жүру, педагогтің белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен жүру және жай қалыпқа түсіп, тез ойнаған музыка әуенімен жүгіру, жүгіріп келе жатып, жай жүріске түсу және аяқтың ұшымен денелерін тік ұстап жүру іскерліктерін жетілдіру; биік қиғаш тақтайдың үстімен жүру және бір бағытта еңбектеу техникаларын бекіту.	Қазақ тілі "Ойыншықтарым көп менің, бәрін жақсы көремін!" Мақсат-міндеттері. Қазақ тілін тыңдап, түсінуді үйрету, ойыншықтарды атауға, ересек адамдардың өтінішіне жауап беру, өз өтініш білдіруге сұрақтарға жауап беруді; сөздердегі дауысты дыбыстарды дұрыс дыбыстауға үйрету. "Қораптың ішінде не бар?" дидактикалық ойыны. "Бізбен бірге ойнаңдаршы" сергіту сәті. "Не алып келдің?" жаттығуы. "Мә, ... ала ғой" жаттығуы.
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (дербес әрекет)				
Серуен	Қайыңды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Күз мезгіліне байланысты сипаттамалық ерекшеліктер мен өзгерістерді көрсете отырып, қайыңмен таныстыруды жалғастыру; ағашты табиғаттың бір бөлігі	Күн райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Табиғаттың қалай өзгергеніне назар аудару; табиғи өзгерістерді салыстыруды үйрету. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым	Күн райының жағдайын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Табиғи құбылыстың бірі - тұман туралы түсінік қалыптастыру; маусымдық құбылыстарды бақылауды үйрету; осы құбылыстың ерекшеліктерін байқау, қорытынды жасау.	Жыл құстарын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Жыл құстары туралы білімдерін кеңейту; суық түскенде құстардың тіршілігі; құстарға сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу.	Торғайды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Торғай туралы түсініктерді жетілдіру; зеректікке, қамқорлыққа тәрбиелеу. Шыр-шыр еткен торғайды, Қорғамасаң, болмайды. Кіп-кішкене торғайлар

<p>ретінде құрметтеуге тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (аумақты тазарту). Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеуге, қойылған мақсатқа жалпы күшпен жетуге үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Қайыңға қарай жүгір". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді жылдам орындауды үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері. "Өзенді кесіп өт". Мақсат-міндеттері. Бөрененің үстінен тіке және қасынан жүру жаттығулары.</p>	<p>еңбек тапсырмалары (күзгі жапырақтарды жинау). Мақсат-міндеттері. Жұмыс істеуге құштарлықты тәрбиелеу. "Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың кегли арасымен баяу және ептілікпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту. Құралдар: кегльдер. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Мені қуып жет!". Мақсат-міндеттері. Дұрыс бағытта жүгіруді үйрету.</p>	<p>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі қоқыстарды жинау). Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеуге ұмтылысты тәрбиелеу. "Себетке допты лақтыр" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу. Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топ ортасында себет тұрады. Балалар допты жерге лақтырғанда секіріп себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалардың тобы жеңіске жетеді. Құралдар: спорттық құралдарды жинауға арналған себет, балаларға доптар. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.</p>	<p>Көркем сөз. Қадыр Мырза Әли "Сауысқан". Ала қанат сауысқан, Жауыр атқа жабысқан. Ойда жауыр көрінсе, Ойбайлатқан сауысқан. Қырда жауыр көрінсе, Қиқандатқан сауысқан. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ағаш тұқымдарын жинау). Мақсат-міндеттері. Балаларды тұқым жинауға ынталандыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ит пен торғай". Мақсат-міндеттері. Құстарға тән қимыл-қозғалыстар туралы білімдерін бекіту; құстарға еліктеп дыбыстарын салуды үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттері. Допты бір-біріне төменнен лақтыру қабілетін бекіту.</p>	<p>Ағаштарды қорғайды. Таспен атып торғайды Ұя бұзған оңбайды! Құс өкпелеп кетеді, Бақшамызға қонбайды. "Мысық пен торғайлар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Ойын шарты бойынша белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу. Алағашында "мысық" рөлін педагог ойнайды, кейін балалар арасынан таңдалады. "Торғайлар" белгілі жерге жиналады немесе орындықтарға отырады, бұл жер "торғайлардың ұясы". Педагогтің "Торғайлар, ұшыңдар! Жемді шоқыңдар!" деген нұсқау-белгісі бойынша балалар жүгіріп келіп, топғайлардың қимылдарына еліктеп, "ұшып жүргенін, отырып жемді шоқығанын" көрсетіп ойнайды. Педагогтің "Абайландар, мысық ұстап алмасың!" деген белгісіне балалар бастапқы орындарына, бір-біріне соғылмай жүгіреді. Балалардың белгілі орынға жүгіріп бара жатқанда оларды қолмен ақырын түртіп, "ұстап алуға" болады. Бұндай әрекетті "мысық" болған бала да жасай алады. Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін. Құралдар: "мысыққа" - маска,</p>
---	---	--	--	---

					"торғайларға" таңбалауыштар. Еңбек тапсырмасы: құмсалғыштың шетінен құмды ішке қарай сыпыру. Мақсат-міндеттері. Тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары.
Серуеннен оралу	Балаларға жүйелі түрде киініп-шешінуді, киімдерін шкафқа орналастыруды, қолдарын мұқият жууды қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, дербес әрекет) Жуунуға арналған жаттамақ жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Есте сақтау, қабылдау, елестету, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Құралдар: сабын. Сабындаған кезінде Ашытады көзіңді. Бола білсең төзімді, Тап-таза егер өзіңді. Тазалықтың досы - Сабын деген осы.				
Түскі ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. (сөйлеуді дамыту, көркем сөз, мәдени-гигиеналық дағдылар) Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш, қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.				
Түскі ұйқы	Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі. (көркем әдебиет)	«Ұртоқпақ» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)	Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі. (көркем әдебиет)	«Кім мықты?» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. (көркем әдебиет)	Жағымды музыка әуенімен балаларды ұйықтату. (музыка)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Қайық жаттығуы (ішпен жату, қолдар иектің астында, жоғары тартылу, еңкею, тербелу). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (дене шынықтыру, дербес әрекет)				
Бесін ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. (сөйлеуді дамыту, көркем сөз, мәдени-гигиеналық дағдылар) Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш, қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.				

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу. "Қазақстан туралы әңгімелесу". Мақсат-міндеттері. Балаларға Қазақстан Республикасының Әнұраны, Елтаңбасы және Туы және Қазақстан туралы негізгі ұғымдар беру; Қазақстан туралы қарапайым тапқы жаттатып үйрету.</p> <p>"Көзінді жұмып, қолыңмен анықта" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, үлкен - кіші ұғымдарын бекіту. (математикалық негіздері, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Сурет салудан ойын-жаттығу. "Жалауша". Мақсат-міндеттері. Балаларды қарындаш пен сорғышты қолданып, көгілдір түсті жалаушаны салуды үйрету; жалаудың мейрамдарда кеңінен қолданылатыны жайында баяндау, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы туралы түсініктерін бекіту. Ойын рефлексиясы. "Жалаушалармен ойнайық". Мақсат-міндеттері. Түстерді ажыратуды үйрету.</p> <p>"Шамдар" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Қасиеттері бойынша заттарды топтастыруға, түстерді, өлшемдерді ажыратуға жаттықтыру; зейіндерін дамыту. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Ақ көгершін" Мақсат-міндеттер. Балаларды ақ көгершінің сыртқы келбетімен таныстыру; ақ көгершінді тануға, білуге деген құштарлығын қалыптастыру; ақ көгершін жайлы білімдерін кеңейту; Қазақстанның Ата заңы туралы түсінік беру. Балаларды ақ көгершінмен таныстыруда көркем сөздер арқылы ойлау қабілеті мен тілін, есте сақтау қабілеті мен зейінін және құштарлығын дамыту.</p> <p>"Сиқырлы қалта" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға заттарды қолмен ұстап санауды үйрету. 1-нұсқа. Затты қолмен ұстап санау. 2-нұсқа - қандай зат екенін қолға ұстап анықтау. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Қайсы қайда барады?" сұрамақ. - Қасқыр, қайда барасың? - Қой қырқуға барамын. - Қарсақ, қайда барасың? - Қанғыруға барамын. - Түлкі, қайда барасың? - Тауық іздеп барамын. - Маймыл, қайда барасың? - Сауық іздеп барамын. - Аю, қайда барасың? - Бал тапқалы барамын. - Майдан, қайда барасың? - Мал баққалы барамын.</p>	<p>Математика негіздерінен ойын-жаттығу. "Жасасын Қазақстан!" Мақсат-міндеттері. Балалардың "көп", "біреу", "бір-бірден", "сол қол", "оң қол" ұғымдарын ажырату дағдыларын жетілдіру; бір қасиетті негізге ала отырып, қасиеттері бөлек заттарды екі қолға бөліп ұстау арқылы оң және сол жақты ажыратуды үйрету; зейінді, ақыл-ойды, өзін-өзі бағдарлау, есте сақтау, қабылдау қабілеттерін дамыту.</p> <p>"Қолымда не бар?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, үлкен - кіші, оң - сол жайлы білімдерін бекіту; түйсіну сезімдерін дамыту. (танымдық дағдылар, математика негіздері, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Вариативтік компонент/Әлеумет "Наубайхана" ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың наубайхана жөнінде білімдерін кеңейту; наубайханашы мамандығының ерекшеліктерімен таныстыру; нан өнімдері туралы ұғымдарын жетілдіру; ойын ережелерін түсіндіру; Қазақстандағы нан өнімдерінің жетістіктері туралы түсінік беру. "Наубайшы қамырдан не жасайды?" тәжірибе жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Тұздалған қамыр кесектерінен тоқашты илеу. (мүсіндеу)</p> <p>"Қуыршақ қонаққа барады" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруды жаттықтыру. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту)</p>
---	--	--	--	--	---

			(сөйлеуді дамыту)		
Балалармен жеке жұмыс	Артикуляциялық жаттығулар. Мақсат-міндеттері. Артикуляциялық жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту. (сөйлеуді дамыту)	"Туған елдің ұлымын" тақпағын жаттау. Мақсат-міндеттері. Бала тілін жаттықтыру. Өртүрлі өлеңдер мен тақпақтарды айтқызу. Асқаржан Сәрсекөв "Туған елдің ұлымын". Аспанымдай мөлдірмін, Жайлауымдай жазықпын, Өзенімдей өршілмін, Гүлдерімдей нәзікпін. Қуат алған өзінен, Туған елдің ұлымын. Бақытты етіп өсірген Отанымның гүлімін. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	"Үйдің есігін жабайық" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Заттарды өлшемі бойынша салыстыруды, жуан және жіңішке заттарды ажыратуды жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. (танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)	"Қаладағы жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту; жыл мезгілдері туралы сипаттамалық әңгімелер құрастыру кезінде толық сөйлемдермен сөйлеуді дамыту; бақылау, көрнекі зейін, есте сақтау қабілетін дамыту; туған қаланың табиғатына қызығушылықты тәрбиелеу. Барысы: лото түріндегі ойында бала белгілі бір маусымы бар суретті алады және сол жыл мезгілін сипаттап береді. Суреттерді таңдау кезінде педагог маусым туралы әңгіме құрастыруды ұсына отырып, тапсырманы қиындата алады. (сөйлеуді дамыту)	"Күз" тақпағын жаттау. Мақсат-міндеттері. Бала тілін жаттықтыру. Өртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу. Мұқатай Жылқыайдарұлы "Күз". Алма, өрікті қамбаларға Толтырды әкеп алтын күз. Шәкірт болып парталарға Отырды кеп алтын күз. Бұлт болып та Алатауға Байланыпты алтын күз. Дастарқанда таба нанға Айналыпты алтын күз. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтәңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (дербес әрекет)				
Серуен	Қайыңды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Күз мезгіліне байланысты сипаттамалық ерекшеліктер мен өзгерістерді көрсете отырып, қайыңмен таныстыруды жалғастыру; ағашты табиғаттың бөлігі ретінде құрметтеуге тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (аумақты тазарту).	Ауа райын бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Табиғаттың қалай өзгергеніне назар аудару; табиғи өзгерістерді салыстыруды үйрету. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (күзгі жапырақтарды жинау). Мақсат-міндеттері. Жұмыс істеуге құштарлықты	Ауа райының жағдайын бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Табиғи құбылыстың бірі - тұман туралы түсінік қалыптастыру; маусымдық құбылыстарды бақылауға үйрету; осы құбылыстың ерекшеліктерін байқау, қорытынды жасау. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі қоқыстарды	Жыл құстарын бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен таныстыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: жыл құстары туралы білімдерін кеңейту; суық түскенде құстардың тіршілігі; құстарға сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу. Көркем сөз. Қадыр Мырза Әли "Сауысқан". Ала қанат сауысқан, Жауыр атқа жабысқан.	Торғайды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Торғай туралы түсініктерді жетілдіру, зеректікке, қамқорлыққа тәрбиелеу. Шыр-шыр еткен торғайды, Қорғамасаң, болмайды. Кіп-кішкене торғайлар Ағаштарды қорғайды. Таспен атып торғайды Ұя бұзған оңбайды. Құс өкпелеп кетеді,

<p>Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеуге, қойылған мақсатқа жалпы күшпен жетуге үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қайыңға қарай жүгір". (дене-шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді тез орындауды үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Өзенді кесіп өт". Мақсат-міндеттері. Бөренемен тіке және қасынан жүру жаттығулары.</p>	<p>тәрбиелеу. "Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың кегли арасымен баяу және епті өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту. Құралдар: кеглилер. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Мені қуып жет!". Мақсат-міндеттері. Дұрыс бағытта жүгіруді үйрету.</p>	<p>жинау). Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеуге ұмтылысты тәрбиелеу. "Себетке допты лақтыр" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу. Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топтың ортасында себет тұрады. Балалар допты жерге лақтырғанда секіртіп себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалардың тобы жеңіске жетеді. Құралдар: спорттық құралдарды жинауға арналған себет және доптар. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін беру және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.</p>	<p>Ойда жауыр көрінсе, Ойбайлатқан сауысқан. Қырда жауыр көрінсе, Қиқандатқан сауысқан. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ағаш тұқымдарын жинау). Мақсат-міндеттері. Балаларды тұқым жинауға ынталандыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ит пен торғай". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Құстарға тән қимыл-қозғалыстар туралы білімдерін бекіту; құстарға еліктеп дыбыстарын салуды үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттері. Допты бір-біріне төменнен лақтыру дағдысын бекіту.</p>	<p>Бақшамызға қонбайды. "Мысық пен торғайлар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Ойын шарты бойынша белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу. Алғашында "мысық" рөлін педагог ойнайды, кейін балалар арасынан таңдалады. "Торғайлар" белгілі жерге жиналады немесе орындықтарға отырады; бұл жер "торғайлардың ұясы". Педагогтің: "Торғайлар, ұшындар! Жемді шоқындар!" деген нұсқау-белгісі бойынша балалар жүгіріп келіп, торғайлардың қимылдарына еліктеп, "ұшып жүргенін, отырып, жемді шоқығанын" көрсетіп ойнайды. Педагогтің: "Абайлаңдар, мысық ыршып алмасың! (дегенге - балалар бастапқы орындарына, бір-біріне соғылмай жүгіреді. Балалардың белгілі орынға жүгіру барысында олардың арасынан қолмен ақырын түртіп, "ұстап алуға" болады. Бұндай әрекетті "мысық" болған бала да жасай алады. Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін. Құралдары: "мысыққа" - маска, "торғайларға" таңбалауыштар. Еңбек тапсырмасы: құмсалғыштың шетінен құмды ішке қарай сыпыру.</p>
---	---	--	--	---

					Мақсат-міндеттері. Тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары.
Серуеннен оралу	Балаларға жүйелі түрде киініп-шешінуді, киімдерін шкафқа орналастыруды, қолдарын мұқият жуу әдетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, дербес әрекет) Жуунуға арналған жаттамақ жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Есте сақтау, қабылдау, елестету, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Құралдар: сабын. Сабындаған кезінде Ашытады көзінді. Бола білсең төзімді, Тап-таза етер өзінді. Тазалықтың досы - Сабын деген осы.				
Кешкі ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. (сөйлеуді дамыту, көркем сөз, мәдени-гигиеналық дағдылар) Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш, қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Күз мезгіліне байланысты тақпақтар жаттау. (көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. Күз мезгіліне байланысты әндерді тыңдау және үйрету. Күз мерекесіне дайындалу. (музыка) Күзгі жапырақтардан, жаңғақтардан күзгі композициялар жасау. (жапсыру, мүсіндеу) Еркін рөлдік ойындар. "Әлемге саяхат" театрландырылған ойын. Мақсат-міндеттері. Өз мінез-құлқын ақтай білу, сенімі мен қиялын дамыту, балалардың білімін дамыту. Барысы: балаларға әлем бойынша саяхаттау ұсынылады. Олар өздерінің жолдары қайда жатқанын анықтауы керек. Шөл арқылы, тау соқпағымен, батпақ арқылы, орман, джунгли арқылы, кемемен мұхиттың арғы жағынан. Мінез-құлқын соған сәйкес өзгертуі керек. (сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналарға кеңес: "Бала тәрбиесіндегі қиыншылықтар"; "Баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру керек"; "Баланы ұлтжандылыққа тәрбиелеу жолдары".				

25.09 - 29.09.2023ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Баланың балабақшадағы тәртібі туралы ата-аналармен сөйлесу; балалардың денсаулығына назар аудару; балабақшадағы жаңалықтармен бөлісу; ата-аналарды белсенділікке шақыру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларға қуыршақ киімдері мен төсек жабдықтарын жуу кезінде педагогке көмектесуді үйрету: балаларды жұмыс алдында алжапқыштарын киюді үйрету; жууға және кептіруге қажетті керек-жарактарды, сондай-ақ жұмыс орнын дайындау, сабынды қолдана білу іскерліктерін дамыту.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларға тарақтарды тазарту жұмыстарында педагогке көмектесуге үйрету: суланған тарақтарды шаю, оларды щеткалармен тазалау.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балалардың еңбекке дұрыс көзқарасын қалыптастыру, өз-өздеріне қызмет ету іскерліктерін дамыту.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды таза, ұқыпты болуға, дербес әрекеттерін жетілдіре түсуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды топ бөлмесіндегі реттілікті сақтауды үйрету: үстелдер, орындықтар, сөрелердің шаңын сүрту. Ойнап болған соң ойыншықтарын орын-орнына жинауға тәрбиелеу.
	ҚР. Гимннің орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) "Үй құрылысының ретін көрсет" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процестерін дамыту.	"Менің туған қалам" тақырыбында сюжетті суреттерді қарау. Мақсат-міндеттері. Тақырыпқа байланысты сұрақтар қою. Сұраққа толық жауап беруді балалардан талап ету. (сөйлеуді дамыту) "Қай жерде шырылдады?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Дыбыстың қай жерден	"Күз" мезгіліне байланысты сюжетті суреттер көрсету. Мақсат-міндеттері. Тақырыпқа байланысты сұрақтар қою. Сұрақтарға толық жауап беруді балалардан талап ету. (сөйлеуді дамыту)	"Құрылысшы" тақпағын жаттау. (Шекербек Садыханов) Қолда темір қалағым, Саздан сарай қаладым. Алматыдан аумайтын Әсем қала саламын. (сөйлеуді дамыту) "Менің қалам - Алматым" Мақсат-міндеттер. Қиялындағы қаланы құрастыру. (құрастыру)	"Қуыршақ қонаққа барады" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, ұзындығы бірдей өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру. (танымдық дағдылар, математика негіздері) Музыкалық-дидактикалық ойын. «Қуыршақ Әйгерімнің сыйлығы». Міндеттер: Ойын ойнау арқылы шапшандыққа, өз

	(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту) Сөздік ойын «Қайсысы ұнайды?» Міндеттер: Суреттен көрген заттарының ататарын атап бере алады (қоршаған ортамен таныстыру)	шыққанын анықтау; алдын ала дайындық жұмысы: қоңырады дайындайды. (музыка)		"Дәл осындай гүлді тап" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды суреттегі кескінге ұқсас заттарды табуға жаттығу, зейінділікке тәрбиелеу, балалардың сөйлеу тілін қалыптастыру. (танымдық дағдылар)	бетімен жұмыс жасау дағдыларын дамыту. Барысы: Қуыршақтың сыйлық шарлары таратылып беріледі. Балалар ол шарларды үрлеп, түсін айтады. Үрлетін шарлардың түстері үш түрден аспауы керек. Қандай түсті шардың кем екенін балаларға айтқызу.
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (орамалмен) 1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар орамалдарымен беттерін жауып, "тауып ал" дейді. 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, орамалдарын умаждап "жуамыз" дейді. 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, орамалдар тізе үстінде 3.1. Жерге шалқадан жатып, орамалдармен беттерін жауып "ұйықтайық" дейді. 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 4.1. Орамалдарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). (дербес әрекет, мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Таңғы ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Ас ішкенде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз! Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз! Балалар рақмет айтады, тамақтануға кіріседі.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетке мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге	"Қай қолымда көп?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Аз және көп заттарды ажырату және салыстыруды жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту. (танымдық дағдылар, математика негіздері, сөйлеуді дамыту)	"Көп және біреу" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Көп және біреу қатынастарын білуді үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру. (танымдық дағдылар, математика негіздері, сөйлеуді дамыту)	"Суреттерді орналастыр" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту. (сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)	"Танып ал да, атын ата" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту. (сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)

	Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз. (сөйлеуді дамыту)				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Күн дидарлы Қазақстан". Мақсат-міндеттері. Балаларды сап түзеп, бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; бөренемен жүру және допты лақтыру, ұтып алу дағдысына үйрету; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру.	Дене шынықтыру "Күндей сары дөңгелек". Мақсат-міндеттері. Балаларды музыка әуенімен бірінің артынан бірі шеңбер жасап жүру, педагогтің белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен жүру және жай қалыпқа түсіп, тез ойнаған музыка әуенімен жүгіру, жүгіріп келе жатып, жай жүріске түсу және аяқтың ұшымен денелерін тік ұстап жүру іскерліктерін дамыту; бөренемен жүру, допты лақтыру іскерліктерін қайталау.	Музыка "Ата Заңым ардақты". Мақсат-міндеттері. Балалардың әнді тыңдауға қызығушылықтарын арттыру; жәй және көңілді әндерді тындай білуге жаттықтыру; музыкалық ырғақтық қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілеті мен хорда ән айтуға дағдыландыру; дауыстың жоғары және төмен ырғақтарын ажырата білу қабілетін қалыптастыру; Қазақстан туралы ұғымдарын кеңейту.	Дене шынықтыру "Бөренемен жүреміз". Мақсат-міндеттері. Балалардың бөренемен жүру және допты лақтыру техникасын бекіту; ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау; балаларды ептілікке, шапшандыққа тәрбиелеу.	Қазақ тілі "Алтын күз. Сап-сары жапырақтар". Мақсат-міндеттері. Қазақ тілін тыңдауды үйрету, күзгі табиғат, күзгі еңбек түрлерімен, күз мезгілінің белгілерімен таныстыру, жапырақтар, көгөністер мен жемістерге тән түстерді атауға жаттықтыру.
2- таңғы ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Ас ішкенде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз! Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмеймі! Балалар рақмет айтады, тамақтануға кіріседі.				
Серуенге дайындық	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Көлеміне, қозғалу тәсілдеріне назар аудару отырып, әртүрлі құстардың сыртқы түрінің айырмашылығын таба білуге үйрету. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым	Сауысқанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Сауысқанның пайда болуы, оған тән ерекшеліктер туралы түсініктерін қалыптастыру; қыстайтын құстарға қамқорлық	Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін тиянақтау, табиғатты бақылауға қызығушылықтарын арттыру. Көркем сөз. - Ақсың, сұрсың, қарасың Қайда қалқып барасың?	Шетенді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Шетеннің суық мезгілде жануарлар мен құстарға тигізетін пайдасы туралы білімдерін бекіту. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары	Жүргізушілердің еңбегін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балалардың жүргізуші жұмысы туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру; ересектердің жұмысына қызығушылық пен құрметке тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек

	<p>еңбек тапсырмалары (кураған жапырақтарды бір ортаға жинау). Мақсат-міндеттері. Топта жұмыс істеуді үйрету, ересектерге көмек көрсету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстар мен мысық" (2-3 рет ойнатылады). (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың денсаулыққа, ойынға құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл күйлерін көтеру; ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру; балаларды саламатты өмір салтына тәрбиелеу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.</p>	<p>жасауға тәрбиелеу. Көркем сөз. Қадыр Мырза Әли "Сауысқан". Ала қанат сауысқан, Жауыр атқа жабысқан. Ойда жауыр көрінсе, Ойбайлатқан сауысқан. Қырда жауыр көрінсе, Қиқандатқан сауысқан. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (күзгі жапырақтарды жинау). Мақсат-міндеттері. Жұмыс тапсырмаларын ықыласпен орындауды үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарға мен ит", "Допты ұста". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Құстардың қимылдары мен дыбыстарына еліктеуді үйрету; допты екі қолмен ұстау іскерліктерін жетілдіру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттері. Тепе-теңдікті сақтауды, бір аяққа тұрып қолды белге қоюды үйрету.</p>	<p>- Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін! - Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсең нөсерлет! - Бұлт дегеніміз не? - Бұлттардың түсі қандай болады? - Бұлттар неден тұрады? (сан жетпейтін су тамшыларынан немесе мұз түйіршіктерінен) - Бұлттардың қандай түрлерін білесіңдер? (түйдек бұлттар, шарбы бұлттар, қат-қабат бұлттар, түнерген найзағайлы бұлттар) - Неге түйдек бұлттар дейміз? (олар аспанда түйдек-түйдек болып тұрады) - Шарбы бұлттар неге ұқсайды? (ақ ұлпаға, мамыққа, жақсылап аңғарып қарасаң олардан таныс бейнелерді көруге болады) - Ең үлкен бұлттар қай бұлттар? (түнерген найзағайлы бұлттар) - Қандай бұлттар жаңбыр әкеледі? (түйдек бұлттар, түнерген бұлттар) - Бұлттар неліктен аспанда жүреді? (оларды жел қуады) Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (жемшашарды ілуге көмектесу). Мақсат-міндеттері. Құстарға қамқорлық жасауға ықыласты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жылқы", "Мысық пен тышқан". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Шашыраңқы жүгіруге, тепе-теңдікті сақтауды үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері,</p>	<p>(учаскедегі тастарды жинау). Мақсат-міндеттері. Тазалықты байқау қабілетін қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұшақтар", "Торғайлар мен мысық". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша қимылдарды тез орындауға және көрсетілген бағытта жүгіруді үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Себетке дәл лақтыр". Мақсат-міндеттері. Дәлдікті дамыту.</p>	<p>тапсырмалары (учаскедегі тастарды жинау). Мақсат-міндеттері. Тазалықты байқау қабілетін қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жүргізушілерміз", "Жапырақтар". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың физикалық белсенділігін дамытуды жалғастыру; ойын әрекеттерінде ересектер еңбегі туралы білімді көрсетуге ұмтылысты ынталандыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттері. Қозғалыс дағдыларын жетілдіру.</p>
--	--	--	---	--	--

			далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.		
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Түскі ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Ас ішкенде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз! Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз! Балалар рақмет айтады, тамақтануға кіріседі.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ауыр тастар көтеру. Алақанды жұмып, қолды жартылай көтеріп-түсіру. Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (дене шынықтыру, дербес әрекет)				
Бесін ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Ас ішкенде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз! Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз! Балалар рақмет айтады, тамақтануға кіріседі.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Торғайлар мен қарғалар" театрландырылған ойын. Мақсат-міндеттері. Зейінді, төзімділікті, ептілікті дамыту. Барысы: балалар екі топқа бөлінеді: "Торғайлар" және "Қарғалар". Содан кейін бір-біріне арқаларын қаратып, түзу екі қатарда тұрады.	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар "Туған өлкем". Мақсат-міндеттері. Балаларды туған өлке туралы өлеңнің мазмұнымен таныстыру; өлең жолдарындағы көркем сөз атауларын шынайы айтуға	"Күлкілі маймылдар" театрландырылған ойын. Мақсат-міндеттері. Зейінді, бақылауды, реакция жылдамдығын дамыту. Барысы: балалар шашыраңқы тұрады, ойында балалар маймылдар болады. Олардың алдында бала - хайуанаттар бағына келуші, ол әртүрлі	Жапсырудан ойын-жаттығу "Менің үйім осындай". Мақсат-міндеттері. Балаларды дайын шаршы, үшбұрыш пішінді қағаздар арқылы үй бейнесін құрастырып, жапсыруды үйрету; геометриялық пішіндер қасиеттері және желімдеу техникасы	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Алтын күз". Мақсат-міндеттер. Балаларды күз маусымының алғашқы өзгерістерімен таныстыру; күз маусымында жанды және жансыз табиғатта болатын алғашқы өзгерістердің маңызы туралы түсініктерін кеңейту;

	<p>Педагог атаған топ ұстап алады; аты аталмаған топ "үйлерге" қашады (орындықтарда немесе белгілі бір сызыққа дейін). Педагог баяу сөйлейді: «Қар... - ға ... -лар...». Осы сәтте екі топ қашып кетуге дайын болады. Қарапайым нұсқа: педагог атаған топ қол шапалақтайды, екінші топ орындарында қалады. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Сюжетті-рөлді ойын. «Дана қуыршақ балабақшаға барады».</p> <p>Мақсаты: балалардың сөйлеуін белсендіру, сыртқы келбетіне назар аудару, қуыршаққа қамқорлық жасау.</p> <p>Материал және жабдық: қуыршақ киімдерінің жиынтығы.</p> <p>Ойын барысы: тәрбиеші балаларға Дана қуыршағының әлі ұйықтап жатқанын және оған балабақшаға бару керек екенін көрсетеді. Балалармен бірге қуыршақ төсектен көтеріліп, жуып, тістеріңді тазала. Қуыршақ үшін киім таңдап, оны кигіз. Тәрбиеші ойынның барысын мұқият қадағалап, оны түзетеді. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>жаттықтыру; өлеңнің мазмұнындағы сөздерді мұқият тыңдап, есте сақтай білуге үйрету.</p> <p>"Қазақстанның Туын тап" ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға Қазақстан Республикасының Туын тануды, сын-сипатын айтуды үйрету.</p> <p>Қазақтың ұлттық ойыны. "Сиқырлы таяқ".</p> <p>Ойнаушылар қол ұстасып, дөңгелене шеңбер жасап тұрады. Қолында таяғы бар ойын жүргізуші шеңбердің ортасына келеді де, ойынның ережесін түсіндіреді.</p> <p>Ойнаушыларды бірден бастап түгел нөмірлеп шығады. Ойынның шарты бойынша ойын жүргізуші қолындағы таяғын шеңбердің ортасында тік ұстап тұрады да, бір нөмірді атап, таяқты қоя береді. Аталған нөмір таяқты жерге құлатпай ұстап қалуы керек, ал таяқты ұстай алмай құлатып алса, онда айып тартады, яғни көптің ұйғаруымен ортаға шығып, өнер көрсетеді. Ойынға қатысушылардың бәрі бір-бір реттен міндетті түрде ойнап шығулары керек. Ал одан әрі ойынды жалғастыру-жалғастырмау ойнаушылардың өз</p>	<p>қимылдар мен қимылдарды орындайды. "Маймылдар", баланың іс-әрекеттерін қайталайды. (көркем әдебиет)</p> <p>Вариативті компонент/Шығармашылық "Жапырақтар түсіп жатыр".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балалардың күз мезгілінде жапырақтардың түсуі туралы ұғымдарын кеңейту; түрлі түсті жапырақтар жөнінде түсінік беру; ермексаздан түрлі түсті жапырақтарды жасау икемділіктерін жетілдіру.</p> <p>"Жапырақтар ұшты" саусақ жаттығуы.</p> <p>Қолдар жапырақ екен, (алақандарды жайып, саусақтарды тікелейтіп, ары-бері айналдыру)</p> <p>Бұтада отыр екен. (саусақтарды жұдырықтарға қысып алу)</p> <p>Жел соғып жұлып алса, (алақандарды ашу)</p> <p>Ұшады жеке-жеке. (саусақтарды еркін қимылдау)</p> <p>(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p>	<p>жөнінде ұғымдарды қалыптастыру.</p> <p>Саусақ жаттығуы.</p> <p>Үйді салғым келеді (шапалақтау),</p> <p>Қабырғасы керегі (шапалақтау),</p> <p>Қабат-қабат кірпіштер (жұдырықтарды бір-бірінің үстен қойып, орындарын алмастыру),</p> <p>Қатар-қатар кезегі (жұдырықтарды бір-бірінің үстен қойып, орындарын алмастыру).</p> <p>Шатыр болса төбесі (қос алақандар ұштарын тиістіріп, "шатыр" құру, бастың төбесіне қою),</p> <p>Ұшбұрыштай жebesі (қос алақандар ұштарын тиістіріп, "шатыр" құру, бастың төбесіне қою),</p> <p>Терезелер - көзайна (көздерді ашып-жұму).</p> <p>Мен ғой - үйдің иесі (алақандарды өз кеудесіне салу). (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>балалардың қарапайым экологиялық мәдениетін қалыптастыру; алтын күз туралы ұғым беру.</p> <p>"Күзгі өзгерістерді тап" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Күз мезгілінде болатын өзгерістерді табу. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Құмырскалар" ритмопластика.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлай алу қабілеттерін жетілдіру, зейінді жаттықтыру.</p> <p>Барысы: педагогтің шапалағымен балалар залдың ішінде ретсіз қозғала бастайды, басқа балалармен соқтығыспай және бос кеңістікті толтыруға тырысады. (дене шынықтыру, танымдық дағдылар)</p>
--	---	--	--	--	--

		еркінде. Ойнаушылардың саны көп болса, ойын қызықты өтеді. (дене шынықтыру)			
Балалармен жеке жұмыс	"Күз" тақпағын жаттау. Мақсат-міндеттері. Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу. Тұрдыбек Досанов "Күз". Ұшырды жапырақты жел екпіні, Ол, сірә, көрді дейсің елеп кімді. Жоғалтқан ойыншығын жас баладай, Мұңайып үй артында терек тұрды. (сөйлеуді дамыту)	"Жау, жау, жаңбыр!" тақпағын жаттау. Мақсат-міндеттері. Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу. Шәмил Мұхаметжанов "Жау, жау, жаңбыр!" Жау, жау, жаңбыр, селдетіп, Күткеніміз сен едің. Жас егін де ержетіп, Желкілдетсін желегін. Жау, жау, жаңбыр, тағы да, Дала, тауға көрік бер. Менің еккен бағымда Өссін жүзім, өріктер. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	"Өз үйінді тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Өз қаласы туралы, ондағы үйдің орны, әртүрлі ғимараттар туралы білімді қалыптастыру; балалардың зейінділігін, байқағыштығын, бірнеше адамның арасынан өз үйін таба білу қабілетін дамыту; балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, сөйлеу қабілеті; балалардың туған жеріне қызығушылығын арттыру. Барысы: балаларға бірнеше ғимараттан тұратын суреттер ұсынылады, олар өз үйлерін тауып, жауап іздеуі керек. (сөйлеуді дамыту)	"Суреттерді орналастыр" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту. (сөйлеуді дамыту)	Жыл мезгілі жайлы әңгімелесу. Мақсат-міндеттері. Қарапайым сұрақтарға толық жауап беру іскерліктерін жетілдіру.
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Құстарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Көлеміне, қозғалу тәсілдеріне назар аударып, әртүрлі құстардың сыртқы түрінің айырмашылығын табууды үйрету. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (кураған жапырақтарды ортаға жинау). Мақсат-міндеттері. Топта	Сауысқанды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Сауысқанның пайда болуы, оған тән ерекшеліктер туралы түсініктерін қалыптастыру; қыстайтын құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Көркем сөз. Қадыр Мыза Әли "Сауысқан". Ала қанат сауысқан,	Бұлттарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін тиянақтау, табиғатты бақылауға қызығушылықтарын арттыру. Көркем сөз. - Ақсың, сұрсың, қарасың Қайда қалқып барасың? - Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін! - Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсең нөсерлет! - Бұлт дегеніміз не?	Шетенді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Шетеннің суық мезгілде жануарлар мен құстарға тигізетін пайдасы туралы білімдерін бекіту. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі тастарды жинау). Мақсат-міндеттері. Тазалықты байқау қабілетін	Жүргізушілердің еңбегін бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балалардың жүргізуші жұмысы туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру; ересектердің жұмысына қызығушылық пен құрметке тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі тастарды жинау). Мақсат-міндеттері. Тазалықты байқау қабілетін қалыптастыру.

	<p>жұмыс істеуді үйрету, ересектерге көмек көрсету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстар мен мысық" (2-3 рет ойнатылады). (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың денсаулыққа, ойынға құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл күйлерін көтеру; ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру; балаларды саламатты өмір салтына тәрбиелеу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.</p>	<p>Жауыр атқа жабысқан. Ойда жауыр көрінсе, Ойбайлатқан сауысқан. Қырда жауыр көрінсе, Қикаңдатқан сауысқан. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (күзгі жапырақтарды жинау). Мақсат-міндеттері. Жұмыс тапсырмаларын ықыласпен орындауды үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарға мен ит", "Допты ұста". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Құстардың қимылдары мен дыбыстарына еліктеуді үйрету; допты екі қолмен ұстау іскерліктерін жетілдіру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттері. Тепе-теңдікті сақтауды, бір аяқта қолды белге қойып тұруды үйрету.</p>	<p>- Бұлттардың түсі қандай болады? - Бұлттар неден тұрады? (сан жетпейтін су тамшыларынан немесе мұз түйіршіктерінен) - Бұлттардың қандай түрлерін білесіңдер? (түйдек бұлттар, шарбы бұлттар, қат-қабат бұлттар, түнерген найзағайлы бұлттар) - Неге түйдек бұлттар дейміз? (олар аспанда түйдек-түйдек болып тұрады) - Шарбы бұлттар неге ұқсайды? (ақ ұлпаға, мамыққа, жақсылап аңғарып қарасаң, олардан таныс бейнелерді көруге болады) - Ең үлкен бұлттар қай бұлттар? (түнерген найзағайлы бұлттар) - Қандай бұлттар жаңбыр әкеледі? (түйдек бұлттар, түнерген бұлттар) - Бұлттар неліктен аспанда жүреді? (оларды жел қуады) Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (жемшашарды ілуге көмектесу). Мақсат-міндеттері. Құстарға қамқорлық жасауға ықыласты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жылқы", "Мысық пен тышқан". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Шашыраңқы жүгіруді, тепе-теңдікті сақтауды үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтары бойынша</p>	<p>қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұшақтар", "Торғайлар мен мысық". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша қимылдарды тез орындауды және көрсетілген бағытта жүгіруді үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Себетке дәл лақтыр". Мақсат-міндеттері. Дәлдікті дамыту.</p>	<p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жүргізушілерміз", "Жапырақтар". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың физикалық белсенділігін дамытуды жалғастыру; ойын әрекеттерінде ересектер еңбегі туралы білімді көрсетуге ұмтылысты ынталандыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттері. Қозғалыс дағдыларын жетілдіру.</p>
--	--	--	--	--	---

			ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.		
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тамақ ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуге, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Тілдер тақырыбында тақпақтар жаттау. Балалардың өздері құрастырған ертегісін тыңдау. (коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Ұшады - ұшпайды, өседі - өспейді" театрландырылған ойын.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балалардың танымдық қабілетін дамыту.</p> <p>Барысы: педагог затты атайды, егер ол ұшса, балалар қолдарымен қанат қағуды көрсетеді; егер ол ұшпаса, олар қолдарын тізеге қояды. Егер ол өссе, қолдарын жоғары көтереді, егер ол өспесе, олар қолмен жабады.</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. Күз ертеңгілігіне дайындық. (музыка)</p> <p>Логикалық ойындар. (Танымдық дағдылар)</p> <p>Рөлдік еркін ойындар.</p>				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Жаднама: "Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады?"	"Немерелерді тәрбиелеуге арналған бірнеше кеңестер" қабырға газеті.	"Баланың қимыл белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" әңгімелесу.	Әңгіме жүргізу: "Бала танымын дамытудың маңыздылығы".	Ата-аналарға кеңес. "Демалысты пайдалы өткізу".